



### ДОМБЫРАДАН МҮҢЛЫ КҮЙ ТӨГІЛГЕН КҮН

8-БЕТ | АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ



### ҮМІТ ОТЫ ӨШПЕСІН

9-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



### БУТАФОРΙΑ – ҚАНДАЙ ӨНЕР?

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Бізге өскелең ұрпақтың жаңа цифрлық технологияны еркін меңгергені керек. Сол үшін орта мектептер мен жоғары оқу орындарындағы білім бағдарламаларын қайта қарау қажет. Әсіресе, жасанды интеллектің мүмкіндіктерін үйренуге баса мән берілуге тиіс. Жалпы, Үкімет жасанды интеллект саласын жан-жақты дамытуға барынша назар аударуы керек. Бұл жұмыста Ұлттық кеңес мүшелерінің әлеуетін пайдаланған абзал.

№63  
(4651)

Сейсенбі  
28 мамыр  
2024 жыл



# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН ЕМТИХАН ТАПСЫРАДЫ

Биыл бірінші рет ұйымдастырылатын емтиханды 5, 8 және 10-сынып оқушылары тапсырады. Емтихан 31 мамырға дейін жалғасады.

Ауызша және жазбаша өтетін емтиханның нақты уақытын оқу орындары өздері белгілейді. Жаңа емтихан барысында тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу секілді дағдылар бағаланады. Мәселен, 0-ден 11-ге дейін – төмен ұпай. Бұл кезде оқушы емтиханды қайта тапсырады. 12-ден 18-ге дейін – орташа, 19 бен 24 аралығы – жақсы, ал 25 пен 30 ұпай өте жақсы көрсеткіш дегенді білдіреді.



## ҰЛТЫ ҚАҒИДАМЕН АЙҚЫНДАЛАДЫ

Қазақстанда адамдардың қазақ ұлтына жататынын айқындау жөніндегі қағидалар әзірленеді.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрілігі ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 18 ақпандағы «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрілігінің кейбір мәселелері» қаулысына толықтыру дайындады.

Атап айтқанда, ережеге келесі жаңа функция қосылды: жеке басын куәландыратын құжаттарда, сондай-ақ басқа да құжаттарда үміткерлердің ұлтын растайтын тиісті жазба болмаған жағдайда, қандас мәртебесін және жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға үміткер адамдардың ұлты қазақ екенін айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту.

Құжат 10 маусымға дейін ашық талқылау үшін «Ашық НҚА» сайтында орналастырылған.



## 32 ЖАҢА МЕКТЕП БОЙ КӨТЕРЕДІ

Биыл елорда мектептерін 11230 түлек бітіріп шықты. «Соңғы қоңырау» салтанаты тек түлектер үшін ғана ұйымдастырылды. Түлектерге арналған мемлекеттік қорытынды емтихандар 28 мамыр-11 маусым аралығында 5 пән бойынша өтеді. Орта білімі туралы аттестаттар 14 маусымда тапсырылады. Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек оқушыларды, ата-аналар мен ұстаздарды оқу жылының аяқталуымен құттықтап, елордада жүріп жатқан мектептер құрылысы туралы мәлімет берді.

## ТАЗА ӘРІ ЖАСЫЛ ШАҒАР

Елордада «Таза Қазақстан: Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экология акциясы жалғасып жатыр.

Астанада 5 жыл ішінде саябақ аумақтарын көбейту, оның ішінде көгалдандыру алаңын бір тұрғынға 14 шаршы метрден 19 шаршы метрге дейін ұлғайту көзделіп отыр.

Астананың «жасыл белдеуінде» шамамен 1,9 миллион ағаш және 14,4 миллион көшет отырғызылады. Жалпы елорда төңірегінде 100 мың гектарға жуық аумақ орманға айналады.



## ТАРИФТЕР ӨЗГЕРЕДІ

Елімізде 1 шілдеден бастап ұялы байланыс пен интернет тарифі қымбаттайтыны хабарланды.

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі осыған байланысты «Қазақтелекомға» ескерту жасады. Онда қызмет құны тек шығынға сай белгіленетіні және компанияның заңға қайшы әрекет жасамақ болғаны туралы айтылған. Ал «Қазақтелеком» 51 тарифтік жоспардың бағасын 5500-11000 теңге аралығында бекітпек. Бұл өзгеріс үйдегі интернет пен Altel және Kcell байланыс операторларының тарифтеріне қатысты.

## БІЛІМДЕГІ ҰҚПАЛДАСТЫҚ КҮШЕЙЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан-Сингапур ректорларының «Ғылым мен жоғары білім саласындағы әріптестіктің жаңа шыңы» атты форумына қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев форум қатысушыларына ілтипат білдіре отырып, білім мен ғылымды дамыту еліміздегі мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығы саналатынын атап өтті.

«Форумның екі ел ынтымақтастығы үшін маңызы зор. Бұл іс-шара Қазақстан мен Сингапурдың білім және ғылыми-зерттеу салаларындағы ықпалдастығын бұдан да жоғары деңгейге шығаруды көздейді. Кеше Сингапурдың Президентімен және Премьер-министрімен ғылым, білім, халықаралық байланыстар сияқты екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері бойынша өте мазмұнды келіссөздер жүргіздім. Қазақстанның барынша ашық, тұрақты нарықтық экономикаға көшуі қарқынды және орнықты білім беру стандарттары мен цифрлық трансформацияны қажет етеді» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда шетелдік жетекші университеттердің филиалдарын ашу, халықаралық институттармен бірлесіп ұдайы зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін елімізге дәйекті тәсіл қажет екенін айтты.

«Соңғы бірнеше жылда біз беделді 19 университетпен стратегиялық альянс құрдық. АҚШ, Ұлыбритания, Ресей және Германия университеттері елімізде өз филиалдарын ашты. Сондай-ақ Қытай, Түркия, Италия және және басқа да мемлекеттердің университеттері Қазақстанға қызығушылық танытып отыр» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев кеше Қазақстан мен Сингапурдың тиісті ведомстволары арасында Жоғары білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылғанын айтты.

«Бұл динамика басқа да бір-

қатар құжатты қабылдау, соның ішінде Наньян технологиялық университетімен Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою арқылы жалғасады. Бұл меморандум Қазақстан үшін маңызы зор су ресурстарын басқару саласындағы ынтымақтастыққа бағытталған. Су – ауыл шаруашылығынан өнеркәсіпке, денсаулық сақтаудан қоршаған ортаға дейінгі өміріміздің барлық аспектісіне әсер ететін өте маңызды ресурс. Су ресурстарын тиімді басқарудың орнықты даму мен экономикалық тұрақтылық үшін мәні зор» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанның «Болашақ» бағдарламасы арқылы Сингапурға зерттеушілер мен ғалымдарды жіберуге ниетті екенін айтты. Оның айтуынша, аталған бағдарлама жүзеге асырыла бастағаннан бері 12 мыңнан астам қазақстандық



студент әлемнің үздік университеттерінде білім алу мүмкіндігіне ие болды. Оның ішінде 72 отандасымыз Сингапурда оқыған.

«Әлі де көптеген қазақстандық студент сіздердің ғажап еліңізде тәжірибе алмасу, білім алу мүмкіндігіне ие боларына сенімдімін. Жыл сайын біз зерттеу жұмыстарын жүргізуге 500 стипендия бөлеміз. Син-

гапурға келетін қазақстандық ғалымдар санының көбейе түскенін қалаймыз. Білім мен ғылым – прогресс пен инновацияның негізі. Осы салаларға көңіл бөле отырып, біз еліміздің болашағына инвестиция саламыз. Сингапурмен арадағы серіктестік халықаралық ынтымақтастықтың дамуға және халықтарымыз үшін мүмкіндіктерге жол ашуға ықпал ететінін

көрсетеді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар форумда Сингапурдың Білім министрі Мұхаммед Малики Осман және Сингапур ұлттық университетінің президенті, профессор Тан Энг Чие сөз сөйледі. Басқосуға Қазақстан мен Сингапурдың жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарының 150-ден астам өкілі қатысты.

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК ЖАЛҒАСАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Сингапурдың үшінші Премьер-министрі, аға министрі Ли Сянь Лунмен кездесті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Азиядағы уақыт сынынан өткен сенімді серіктесі Сингапурмен ынтымақтастықты жоғары бағалайтынын атап өтті.



Оның айтуынша, жуырда ел басшылығының ауысқаны Сингапур үшін маңызды кезек болды. Қасым-Жомарт Тоқаев осы орайлы сәтті пайдалана отырып, Ли Сянь Лунды Сингапурдың аға министрі қызметіне кірісуімен құттықтады. Президент ел басшылығының үшінші буыны теңдікке, меритократияға, тиімді басқару мен әлеуметтік үйлесімділікке негізделген табысты әрі ұшқыр

ойлы ұлт қалыптастыру секілді Ли Куан Ю мұрасының озық үлгісін сақтап, дамытып келе жатқанына назар аударды. Қасым-Жомарт Тоқаев Ли Сянь Лунның 20 жыл ішінде Қазақстан мен Сингапур арасындағы жан-жақты серіктестікке айтарлықтай үлес қосқанын әрі еліміздің шынайы досы екенін айтты.

Өз кезегінде Ли Сянь Лун екі ел арасындағы өзара тиімді

ынтымақтастықты нығайтудың маңызын атап өтті. Оның айтуынша, Сингапур Қазақстанмен стратегиялық әріптестікті одан әрі жалғастыруға ниетті. Бұдан бөлек, кездесуде сауда-экономика, инвестиция, қаржы, көлік-логистика және гуманитарлық салалардағы ықпалдастық мәселелері талқыланды. Сондай-ақ халықаралық күн тәртібінің өзекті бағыттары жан-жақты қарастырылды.

## КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет және қоғам қайраткері, аса көрнекті ғалым, академик, Қазақ тағамтану академиясының президенті, Қазақстанның Еңбек Ері Төрегелді Шармановтың дүниеден өтуіне байланысты оның отбасы мен жақын туыстарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Төрегелді Шарманұлы бүкіл саналы ғұмырын ұлт денсаулығына арнаған бірегей тұлға, биік парасат иесі еді. Отандық медицинаның алға басуына бар қажыр-қайратын жұмсап, көптеген игі іске бастамашы болды. Қазақ

тағамтану ғылымының көкжиегін кеңейтіп, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, ЮНИСЕФ және басқа да халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық байланыс орната білді. Өзінің жаңаша мектебін қалыптастырып, ұлағатты


ұрпақ тәрбиеледі. Айналасына сыйлы, ғибратты ғұмыр кешкен Төрегелді Шарманұлының жарқын бейнесі халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталады. Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын» деп жазылған жеделхатта.

## ДЕПУТАТТАР ЛАГЕРГЕ БАРДЫ

Партияның дәстүрлі күнінде елордалық мәслихат депутаттары «Балалар лагерлері мен балалар демалысын дамыту» мәселесі бойынша көпшілік тыңдауларға дайындық аясында Ақмола облысының Ақкөл ауданында орналасқан «Барап», «Scout camp» және «Боровичок» атты үш балалар лагеріне барды. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.



«Балалардың бос уақытын және спортпен шұғылданыуын тиімді ұйымдастыру үшін заманауи кешен құруды көздейтін балалар лагерлерін дамыту тұжырымдамасының жобасы таныстырылды. Жоба бір маусымда 200 демалушы балаға арналған. Сондай-ақ «Техностар» павильон-шеберханасын орналастыру жоспарлануда. Болашақта фотоөнер, мобилография, шахмат және басқа да техникалық және зияткерлік



бағыттағы үйірмелер жұмыс істейді. Бұдан басқа, педагогикалық жасақтың жұмысы үшін кабинеттер жабдықталады. «Боровичок» лагері күрделі жөндеуді қажет етеді. Жыл соңына дейін сараптама алу қажет, ал 2025 жылы бюджеттік қаржыландыруға өтінім беріледі. «Scout camp» лагерінің ұйымдастырушыларын «Ұлы дала скауттары» жобасымен депутаттық корпусы таныстыру үшін көпшілік тыңдауға шақырылды» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

## ҚАРЖЫ САУАТЫ БАРЛАР ҮЛЕСІ – 40,5 ПАЙЫЗ

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары Олжас Қизатов жыл сайын қазақстандықтардың қаржы сауаты бойынша сауалнама жүргізлетінін мәлімдеді.

«Қазіргі кезде банктерде, микроқаржы ұйымдарында, коллекторлық агенттіктердегі қарыз алушылардың саны – 1 млн 600 мың көлемінде. Біз енді жыл сайын проблемалық қарыз алушылармен, банктермен, микроқаржы ұйымдарымен,

коллекторлық агенттіктермен жұмыс істеп жатырмыз. Қазір халықтың қаржы сауатын арттыру – агенттіктің маңызды бағытының бірі. Бізде жыл сайын социология сауалнамасы жүргізіледі. Соның қорытындысы бойынша қаржы

сауаты бар халықтың үлесі қазіргі кезде 40,5 пайызды құрады. Бұл – біздің нақты көрсеткішіміз. 2021 жылдан 2024 жылға дейін агенттік өз тарапынан 550 оқыту курсы өткізіп, 53 мың адамды оқытты» деді Олжас Қизатов.



## ҚАҺАРМАН ҰЛҒА ҚҰРМЕТ

Ақмола облысының Ақкөл қаласында Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтің 100 жылдық мерейтойына арналған салтанатты іс-шара өтті. Оған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев қатысты.

Ескерткіштің ашылу рәсіміне Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықов, Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов, батырдың қызы Айсұлу Нұрмағамбетова, Қарулы Күштердің ардагерлері, Халық Қаһарманы, отставкадағы армия генералы Мұхтар Алтынбаев, Халық Қаһарманы, отставкадағы генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев, Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, отставкадағы авиация генерал-майоры Тоқтар Әубәкіров, елордадағы әскери колледждің курсанттары, Ақмола гарнизонының әскери қызметшілері, Сағадат Нұрмағамбетовтің жақындары және қала тұрғындары қатысты.

Іс-шараға қатысушылар әскерилер ротасы құрмет карауының және Қарулы Күштердің Ұлттық әскери-патриоттық орталық оркестрінің сүйемелдеуімен даңқты батырдың ескерткішіне гүл шоғын қойып, рухына тағзым етті. Салтанатты рәсімде Мәулен Әшімбаев жұртшылыққа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді. Сондай-ақ ол Сағадат Нұрмағамбетовтің өнегелі өмірі өскелең ұрпаққа

әрдайым үлгі екенін және батырдың есімі ел тарихына мәңгіге жазылғанын атап өтті.

«Қазақстанның алғашқы армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов саналы ғұмырын әскери қызмет саласына арнады. Мемлекетіміздің тұңғыш Қорғаныс министрі ретінде айбынды армиямызды құруға және оны нығайтуға зор үлес қосты. Ол өзінің болмыс-бітімімен, өмірлік ұстанымымен және ақыл-парасатымен қазақ генералының нағыз үлгісіне айналды. Батырдың ескерткіші – халықтың қаһарман ұлына ыстық ықыласының, Отанға қорғауға өмірін арнаған барша азаматқа шынайы құрметінің белгісі. Сағадат Нұрмағамбетовтің «Бейбіт күнді қырағы күзетіңдер!» деген сөзі бар. Бұл – тек сарбаздарға емес, әр отандасымызға жүктелген аманат. Оны орындау – бәріміздің перзенттік парызымыз» делінген ел Президентінің құттықтау хатында.

Өз сөзінде Сенат спикері генералдың ерлігі мен елге сіңірген еселі еңбегі әрдайым халықтың жадында сақталатынын айтты. Сондай-ақ ол көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерінің өмірі

мен соңында қалған рухани мұрасын дәріптеу маңызды іс екенін, мұндай қадам ұлттық бірегейлікті нығайта түсетінін тілге тиек етті.

Батырдың қызы Айсұлу Нұрмағамбетова әкесі бүкіл ғұмырын Отанға қызмет етуге арнағанын айтып, естелігімен іске ұйытқы болған азаматтарға және ескерткіштің авторы Айдос Бүркітбаевқа алғысын білдірді. Жас сарбаздар даңқты қолбасшыға құрмет көрсетіп, әскери оркестрдің сүйемелдеуімен ескерткіш алдынан сап түзеп өтті.

Сағадат Нұрмағамбетов 1924 жылғы 25 мамырда Ақмола облысының Еңбек ауылында дүниеге келген. Ол – әскери колледждің курсантынан армия генералына дейін, пулеметшілер взводның командирінен тәуелсіз Қазақстанның Қорғаныс министріне дейінгі жолды жүріп өткен бірегей тұлға. Сағадат Қожахметұлы ерен ерлігі мен қайсарлығы үшін КСРО-ның, Қазақстан Республикасының және тағы басқа мемлекеттердің 16 орденімен және 30 медалімен марапатталды.

## КӨШІ-ҚОН КАРТАСЫНА СҰРАНЫС АРТТЫ

Мемлекет басшысының шетелден кәсіби мамандар мен табысты бизнесмендерді Қазақстанға тарту жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында «Ата жолы» көші-қон картасы енгізілген болатын. Әзірге карта 55 адамға берілген. Оның 13-і қазір елге келді.



Жоба аясында тарихи отанына оралғандармен Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова кездесті. Жүздесу барысында қандастар жоба туралы пікірін айтып, елде атқарар жұмысының жоспарын таныстырды. Олардың арасында денсаулық сақтау, мұнай және газ, құрылыс, білім беру, IT саласының мамандары бар.

«Үкімет «Ата жолы» карта-

сын пайдаланғысы келетіндерге қолдау көрсетуге дайын. Сіздердің ұсыныстарыңыз бойынша жобаны жетілдіруге қатысты мемлекеттік органдарға тапсырмалар беріледі. Қазақстанның дамуына қолдан келгенше үлес қосуға деген ниеттеріңіз қуантады. Бұл ретте елімізде түрлі салалық бағдарламалар жүзеге асып жатқанын атап өткім келеді. Оларды жүзеге асыруда сіз-

дердің тәжірибелеріңіз кәдеге жарайды деп санаймын» деп атап өтті Тамара Дүйсенова.

Жоба бытырдан бастап жүзеге асып келеді. Бүгінге дейін 250 адам 18 мемлекеттегі елшіліктерімізге келіп, кеңес алыпты. Карта алуға «Құтты мекен», «Е-Қопақ» мобильді қосымшалары арқылы өтініш беруге болады немесе Қазақстанның шетелдердегі елшіліктеріне жүгіну қажет.

## НӨСЕР КӘРІЗДЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ – НАЗАРДА

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек су басып қалатын көшелердің мәселесі қалай шешіліп жатқаны туралы баяндады.

– Қазіргі уақытта Астананың нөсер кәріз жүйесі 18 тазарту құрылысынан және I жинақтаушы тоғаннан, ауданы 16,7 мың гектардан астам аумақты алатын, жерүсті ағындарын бұратын 610,8 км болатын нөсер, дренаж және науа-арық кәріз желісінің магистралдық коллекторларынан тұрады. Қалада 2019 жылдан 2023 жылға дейінгі аралықта нөсер, дренаж және науа-арық кәріз желісінің магистралдық коллекторларының 400 км-ден астам желісі, 9 сорғы станциясы және 4 тазарту құрылысы салынды және реконструкцияланды, – деді әкім.

Бас қалада су басып қалатын екі негізгі учаске бар. Оның бірі жаңа «Мега» ауданы болса, екіншісі – Тұран даңғылы. Алғашқысы туралы айтар болсақ, құрылыс ұйымдарының Хусейн бен Талал даңғылындағы нөсерлі кәріз желісіне жерасты суын заңсыз құюы және төгуі салдарынан 29/2 көшені су басып қалды. Суды

заңсыз төмендетудің жалпы көлемінің қуаты 4000 м³/сағ. құрады. Қазіргі уақытта су төккен меншік иесі анықталып жатыр. Материалдар табиғатты қорғау полициясына беріледі.

Тұран мен Ұлы дала даңғылындағы кәріз коллекторының жұмысы жеке құрылыс салушылар мен бірқатар үйдің заңсыз қосылуына байланысты шамадан тыс жүктеледі. Салдарынан оның толып кетуіне әкеледі. Сол сияқты тұрмыстағы заттар, құрылыс материалдары және т. б. кәрізге тасталады, ал бұл сорғы жүйесі мен тазарту қондырғыларының дұрыс жұмыс істемеуіне әкеледі. Нысан 16 жыл бұрын салынған. Бұл орында (Тұран және Ұлы дала даңғылдарының қиылысы) 40-тан астам арнайы техника жұмыс істейді. Жағдай бақылауда.

Бұдан бөлек, осыған дейін әкімдік Тұран даңғылында тағы бір магистралдық кәріз коллекторының құрылысын бастаған. Оның ұзындығы – 8

км, бұл қолданыстағы коллектордың ұзындығынан үлкен. Магистралдық кәріз коллекторы толықтай осы жылдың күзінде аяқталады деп жоспарланып отыр. Жұмыстың бір бөлігі аяқталды.

– 2023 жылы нөсерлі кәріз жүйелерін салу бойынша 3 жобаны іске асыру аяқталды, оның аясында 10 км-ден астам магистралдық және таратушы салынды. Биыл нөсер кәрізінің 5 жобасы бойынша жұмыс жалғасып жатыр, оның 3-еуін аяқтау жоспарланып отыр. Осы жобалар аясында 5 км-ден астам коллектор салынып, жаңа теміржол вокзалы ауданында тазарту құрылысының жұмысы аяқталады. Сондай-ақ нөсерлі кәріз желілері құрылысын салу бойынша 8 нысанды жобалау жүргізіліп жатыр. Ал қазіргі уақытта «Астана қаласында 2035 жылға дейін нөсерлі кәріз жүйесін дамыту» техника-экономика негіздемесі әзірленуде, – деді Жеңіс Қасымбек.

### АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

## САНА ӨЗГЕРМЕЙ, САПАМЫЗ ӨСПЕЙДІ

Қазақстандағы 11-сынып оқушылары мектеп бітіргенде әр жылы қайғылы, оқыс, тосын оқиғалардың орын алуы үрдіске айналып барады. Құқық қорғау органдары сақтық шараларын арттырып, бақылауды күшейткенмен, бұл жағдай биыл да қайталанды.

### Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Атап айтқанда, Жамбыл облысында мектеп түлектері мінген көлік жол апатына ұшырап, жол-көлік оқиғасы салдарынан 21 жастағы азаматша оқиға орнында қаза тапты. Оның жолаушылары – 17, 20 жастағы азаматтар мен 11-сынып бітірген түлек ауруханаға жеткізілген. Маңғыстау облысы Бейнеу ауданының Боранқұл ауылында түлектер арасында топтық төбелес болды. Астанада 18 жастағы бойжеткенді пышақтап кеткені туралы ақпарат та әлеуметтік желіде желдей есіп жүр. Мұның себебі неде? Не үшін елімізде мектеп бітіру қуанышының соңы қайғылы жағдайға айналады? Мұның да өзіндік себебі бар. «Қазақстанда шұлық сатып алсаң да жу дейді екен, жумасаң қу дейді екен» деп шетелдегі ағайындар мысқылға шығарғандай, елімізде орынсыз

той тойлау, келсе-келмесе бас қосып, серуендеп жүру әдетке айналған. «Балапан ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, осыны көрген түлектер қайдан ойын-тойдан құр қалсын, жаңа ғана 11-сынып бітіріп, оқушылық өмірдің тағдырына қатысты ең маңызды кезең енді басталғалы тұрса да, бәрін ұмытып, тойлауға кірседі. Жастайынан сән-салтанатқа бой ұрып, әке-шешесінің дәулетіне мастанған балалар мұндайда өзін бір көрсетіп қалуға тырысып, басқосуға әкесінің қымбат көлігін мініп келуді мықты көреді. Кәмелет жасына толмағандықтан, оның көбінде көлік жүргізу куәлігі жоқ. Соған қарамастан, көлік тізгініне отырады да, әбден лепіріп алған соң қарқынды асырып, терезеден басын шығарып бақырып, ойына келгенін істеймін деп оқыс жағдайға тап толады. Осының бәрі біздің отбасындағы тәрбиенің

осалдығы мен мектеп тәрбиесінің жетімсіздігіне тікелей қатысты. 11-сынып бітіруді бала өміріндегі керемет кезең деп қарайтын, оны айрықша әспеттеп жібергеніміздің кесірі. Шын мәнінде, «тауықсыз да таң атады» дегендей, 11-сынып бітіру – бала өміріндегі қалыптасу үдерістің бірі, думандатып тойлайтындай оның ешбір ерекшелігі жоқ. Әсіресе толық ақыл тоқтатып үлгермеген жастар үшін бұл бос сөз, жыртақай күлкінің басқосуы ғана. Оны арнаулы көлік жолдап, қымбат көліктердің шеруі етіп өткізу де тобырлық сананың көрінісі. Демек, бұл мәселеге қоғам, ата-ана және мектеп болып баса назар аудару керек. Ең бастысы, 11-сыныпты бітіру сәтін тойламаса да өмір ағысы өзгермейтінін, ол да жай күн екенін ұрпақ санасына ертерек сіңіретін кез жетті. Өйткені сана өзгермей, сапалық өсу де болмайды.



№63 (4651) 28/05/2024 Сейсенбі

## ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫ ЖӨНДЕЛЕДІ

Тамыз айында «Нұр-Сұлтан-1» теміржол вокзалында күрделі жөндеу жұмысы жүргізіледі. Бұл туралы Аманат партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы аясында өткен партиялық бақылау комиссиясының көшпелі отырысында айтылды.



Партиялық бақылау комиссиясының мүшелері мен мәслихат депутаттары «Нұр-Сұлтан-1» теміржол вокзалындағы мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған қызметтер сапасына мониторинг жүргізді. Оның барысында вокзалдағы арнайы демалыс бөлмелері мен дәретханалардың тозығы жеткені анықталды. Мүгедектер арбасына арналған жол мен арнайы

сатылар, демалыс бөлмелері мен әжетханалар күрделі жөндеу мен заманауи жабдықтауды қажет ететінін көрсетті.

– Біздің мақсатымыз ұжым жұмысын сынға алу емес, біздің мақсат – тұрғындар көтерген мәселелердің оң шешімін табу. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, біз мүмкіндігі шектеулі жандардың өмір сапасын жақсарту үшін

мониторинг жұмысын ұдайы жүргізіп тұрамыз, – деді Аманат партиясы Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек.

«Нұр-Сұлтан-1» теміржол вокзалы 1961 жылдан бері қолданыста. Мұнда соңғы рет күрделі жөндеу жұмысы 20 жыл бұрын жүргізілген. Вокзал басшылығы мен «ҚТЖ» АҚ-тың мәліметіне сәйкес, күрделі жөндеу жұмысы ағымдағы жылдың тамыз айына жоспарланған. Құрылыс жұмысының нәтижесінде вокзал толықтай заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілмек.

Айта кетейік, «Нұр-Сұлтан-1» теміржол вокзалында мүмкіндігі шектеулі жандар үшін 2 жеделсаты, қызметкерлерді шақыру тетігі, арнайы демалыс бөлмесі мен дәретхана, пиктограмма мен индукция штаттық режимде жұмыс істеп тұр.

Зарина СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ

## АЗЫҚ-ТҮЛІК АРЗАНДАЙ БАСТАДЫ

Бір аптада қырыққабат бағасы 10,4 пайызға төмендеді. Оған Түркістан облысынан биыл шыққан өнімнің жеткізілуі себеп. Сауда және интеграция министрлігі ішкі нарықтың жаппай толып жатқанын хабарлады.

Бағасы түскен азық-түлік өнімдері мыналар: қырыққабат – 10,4%, күнбағыс майы – 0,6%,

қарақұмық жармасы – 0,4%, С1 санатындағы тауық жұмыртқасы – 1,4%, сүзбе – 0,2%, тауық

еті – 0,2%, айран – 0,4%, тұз – 0,1%, бірінші сұрыпты бидай ұны – 0,1%.

## ЖАРНАМА ТАҚТАЙШАЛАРЫ АЛЫНДЫ

Астанада заңсыз ілінген және дизайн-кодқа сай келмейтін жарнамалар мен баннерлер бар. Осындай 60-қа жуық сыртқы жарнама тақтайшасы алынып тасталды.



Елорданы дамыту мәселелері жөніндегі отырыста Мемлекет басшысы көше жарнамасын орналастыруға қойылатын талаптардың сақталуын бақылауды күшейтуді тапсырған болатын. Бұл ретте «Астана-Жарнама» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Алматы ауданы әкімдігімен бірлесіп, заң талаптарына және қаланың дизайн-кодына сәйкес келмейтін жарнама тақтайшаларын алып тастауда.

«Астана-Жарнама» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өндіріс-техника бөлімінің жетекшісі Қайрат Әбуовтың айтуынша, қаладағы барлық белгі қасбеттің бір сызығында болуы керек, қажет болған

жағдайда, қасбеттің стиліне бейімделуі тиіс. Бұл жөнінде ескерту алған кәсіпкерлер жарнамалық маңдайшаны заңға сәйкес түзетуге міндетті.

– Астанада арнайы бекітілген елорданың дизайн-кодына сәйкес сыртқы жарнама мен маңдайшаларды ретке келтіру жұмысы белсенді жүріп жатыр. Бүгінгі таңда елордада 60-қа жуық сыртқы жарнама тақтайшасы алынып тасталды. Оның 35-і Алматы ауданында орналасқан. Осылайша, Қаныш Сәтбаев көшесіндегі №20, 23/1, 23/2, 25-үйлер, Қажымұқан көшесіндегі – №7, Түркістан көшесіндегі – №28/2, Сарайшық көшесіндегі – №7, 34,

Керей-Жәнібек хандар көшесіндегі – №2, Тұран даңғылындағы №46А, 52, 55/5-үйлердегі қаланың дизайн-кодына сай емес сыртқы жарнамалар алынып тасталды, – деді Қайрат Әбуов.

Биыл жыл басынан бері Алматы ауданы бойынша тиісті талаптарға сай келмеген 700-ге жуық жарнама тақтайшасы алынды. Сонымен қатар шағын және орта бизнес өкілдеріне жарнаманы орналастыру бойынша түсініктеме берілді.

Аудан әкімдіктерімен бірлесіп, заңсыз және сәйкес келмейтін жарнаманың дизайн-кодын түсіндіру және алып тастау бойынша іс-шара әрі қарай жалғасады.



## АТТЫЛЫНЫҢ АБЫРОЙЫ БИІК

Бас қалада V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына арналған республикалық челлендж іске қосылды. Іс-шараны «Арғымақ» ат-спорттық сауықтыру кешенінде Астана қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасының қызметкерлері ұйымдастырды.

Челленджге 150-ден астам адам қатысты, олардың қатарында Василий Левит, Қағарал Науатбек, Едіге Емберді, Темірлан Мұқатаев, Нұрбек Талбудинов және Эмма Тисина сияқты белгілі спортшылар бар.

Қатысушылар арқан тартыста өз күшін сынап, нәтижесінде «Толқын» спорт кешенінің қызметкерлері жеңіске жетті.

№9 балалар-жасөспірімдер мектебінің басшысы Айдын Тоқбаевтың айтуынша, мұндай челлендж елімізде алғаш

рет өтіп отыр. Оны елордалық спортшылар бастап, Қазақстанның басқа өңірлеріне тапсырды.

– Ат спорты ойындары – біздің ұлттық қазынамыз, ал жылқы – қазақ халқының символы. Қазір біз ұлттық спорт түрлерінің жанданғанын көріп отырмыз. Оған ерекше назар аударылады. Сондықтан біз спорт түрлерін насихаттау үшін Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы керемет челлендж

бастағанына қуаныштымыз. Біз, елордалық спортшылар, еліміздің барлық облысына, сондай-ақ Алматы мен Шымкент қалаларына «Атқа міну дәстүрін» тапсырамыз. Спортшылар мен қызметкерлерді белсенді қатысуға шақырамыз, – деді Айдын Тоқбаев.

Ұйымдастырушылар ұлттық спорт түрлерін насихаттауға бағытталған мұндай іс-шаралар тұрақты негізде өтетінін атап өтті.

## АСТАНА: ШОМЫЛУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Жазда елордадағы су айдындарының жағалауында демалушылар қатары жыл сайын артып келеді. Осыған орай, қаланың Төтенше жағдайлар департаменті адамдардың суға батып қаза болуына және жарақаттануына жол бермеу бойынша барлық қажетті іс-шараны қарқынды жүргізуде. Коммуникациялар қызметінде өткен брифингте осы бағытта қабылданып жатқан шаралар туралы Астана қаласы ТЖД азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы Азамат Құсайынов баяндады.

Елорда әкімі «2024 жылғы шомылу маусымы кезеңінде Астана қаласы тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын» бекітті. Қазір Астана ТЖД күштері мен құралдары алдағы шомылу кезеңіне дайын.

– Департамент, Апаттар медицинасы орталығының қызметкерлері мектептерде мұғалімдермен, оқушылармен «Судағы қауіпсіздік» тақырыбы бойынша түрлі конкурс, вебинар, іс-шара, сабақ өткізді. Жыл сайын Астана қаласының жұмыспен қамту орталығынан қоғамдық қызметкерлер жұмылдырылады. Күн сайын олар біздің қызметкерлермен бірге судағы қауіпсіздік бойынша үгіт-насихат жұмысын жүргізеді, судағы қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша жадына таратады. Шомылу маусымы кезінде халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша Полиция департаментімен өзара іс-қимыл ұйымдастырылды. Осылайша, Полиция департаментімен және Ұлттық ұланмен бірлескен рейдтер өткізу жоспары бекітілді, – деді спикер.

Азамат Құсайыновтың мәліметінше, бүгінде Астана су айдындарында елорда тұрғындары мен қонақтарының жаппай демалуы үшін жүзуге рұқсат етілген 5 жағажай белгіленді. Атап айтқанда, 4 жеке ақылы жағажай, олар – орталық қалалық

жағажай, «Три пескаря», «Столичный двор», «Армина» демалыс аймақтары және 1 тегін коммуналдық жағажай. Сондай-ақ су айдындарының 21 учаскесі орнатылды, онда жүзуге тыйым салынады. Рұқсат етілген және тыйым салынған учаскелердің тізбесі «2GIS» платформасында орналастырылған.

– Тыйым салынған учаскелерге «шомылуға тыйым салынады» деген белгілер, сондай-ақ қалқымалы белгілер, ақпараттық стендтер, бейнебақылау камералары орнатылды, бұл рұқсат етілмеген жерлерде шомылу фактілеріне мониторинг жүргізуге және уақытылы ден қоюға мүмкіндік берді. Астанада шомылу маусымы 1 маусымда басталады. Тек арнайы жабдықталған, рұқсат етілген орындарда, жағажайларда, бассейндерде

шомылу керек, – деп ескертті басқарма басшысы.

Оның айтуынша, қауіпсіз шомылуға жарамды судың төменгі температурасы шегі +18°C, ауа температурасы +22°C – денсаулығы жақсы адамдар үшін. Балалар мен денсаулығы нашар адамдар үшін мұндай температурада шомылу денсаулық пен өмірге қауіп төндіреді. Спикер сонымен қатар судағы қауіпсіздік ережелерін еске салды. Сонымен, қалқымалы белгілерге дейін жүзуге, мас күйінде суға түсуге тыйым салынады. Өйткені судағы қазатайым оқиғалардың 80 пайызы осы себептен болады. Балаларды су объектілерінің жанында қараусыз қалдыруға, бейтаныс жерлерде шомылуға және сүнгуге болмайды. Суға түскенде қолдануға арналмаған заттарды пайдалануға тыйым салынады.



## 32 ЖАҢА МЕКТЕП БОЙ КӨТЕРЕДІ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Instagram парақшасында оқушылар мен мұғалімдерді оқу жылының аяқталуымен құттықтап, елордада салынып жатқан жаңа мектептер туралы айтты.

«Мектептерде сынып сағаты өтті, балалар демалысқа шықты. Оқушыларды, ата-аналар мен ұстаздарды оқу жылының аяқталуымен құттықтаймын! Жыл сайын 1-сыныпқа 20 мыңнан астам оқушы келетінін ескерсек, жаңа мектептер саны бірнеше есеге артты.

Қазір біз 100 мыңға жуық оқушы орнына арналған 32 мектептің құрылысын жүргізіп жатырмыз. Оның ішінде жыл соңына дейін мектептердің рекордты санының құрылысын аяқтауды жоспарлап отырмыз. Бұл – 64 мыңға жуық оқушыға арналған 23 мектеп (екі ауысымды). Ал «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында – 15 мектеп (Есіл – 6, Нұра – 4, Алматы – 3, Сарыарқа – 2), тағы 5 мемлекеттік мектеп (Нұра – 2, Байқоңыр – 2, Алматы – 1), 3 жекеменшік (Есіл – 2, Алматы – 1) салынады.

Жаңа оқу жылының басында 32 мыңға жуық оқушы орнына (екі ауысымда) арналған 12 мектептің құрылысын аяқтауды жоспарлап отырмыз. Олар – «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясындағы 8 мектеп:

Есіл ауданы – бір ауысымды 7800 оқушыға арналған 3 мектеп – Орынбор көшесі және №37 «Soho» ТК, Мәңгілік ел даңғылы және Е497 көшесі, Қабанбай батыр және Сығанақ көшелері, «Поколение» ТК;

Нұра ауданы – 4000 оқушыға арналған бір ауысымды 2 мектеп – Төле би көшесі мен 57-учаске қиылысы («Зеленый квартал» ТК), Е127, Е368, Е418, Е535 көшесі (Қорғалжын тасжолы ауданы);

Сарыарқа ауданы – 4000 оқушы орнына арналған бір ауысымды 2 мектеп – С189 көшесі мен «Земляничная» саяжай алабы, Көктал елді мекені;

Алматы ауданы – 600 оқушыға арналған бір ауысымды 1 мектеп (А.Байтұрсынұлы көшесі, №9).

Байқоңыр және Нұра аудандарында тағы 3 мемлекеттік мектеп: Байқоңыр ауданында №12 мектеп және №27 мектеп-лицей аумағында қосымша жаңа ғимарат, сол сияқты Нұра ауданының №17 мектеп-гимназия аумағындағы



жаңа қосымша ғимарат. Сондай-ақ Есіл ауданында Ұлы дала даңғылында («Арнау» ТК) тағы бір жеке мектеп ашылды. Осылайша, 23 жаңа мектеп арқылы 6 мектепте үш ауысымды оқу мәселесін, тағы 9 мектепте шамадан тыс режимі мәселесін шешуді жоспарлап отырмыз» деп жазды елорда әкімі.



## ЖЫЛ ОҚУШЫСЫ – ТОЛҒАНАЙ

Бас қалада арманын Алаш идеясымен үндестіріп, алға қойған мақсат-мүддесін туған халқының болашағымен байланыстыруға құштар саналы ұрпақ өсіп келеді. Солардың бірі – елордадағы Әлімхан Ермеков атындағы №38 мектеп-лицейдің 7 «Ә» сынып оқушысы Толғанай Есілбай.

Бас қаладағы Қадырғали Қамалұлы басшылық етіп отырған №38 мектеп-лицейдің белсенді шәкірті 2017 жылдан бері Тәттімбет Қазанғапұлы атындағы №1 өнер мектебінде домбыра, фортепиано, сольфеджио, хор сыныптарынан дәріс алып, оларды үздік аяқтап шықты, Оқушылар сарайында вокал үйірмесіне қатысып жүр.

2023-2024 оқу жылында алған үздік білімі мен шығармашылық қабілетінің арқасында жоғары нәтиже көрсетіп, мектебінің мақтанышына бөленген Толғанай Есілбай «Жыл оқушысы-2024» номинациясы мен Ардақ Қазмағамбетованың жетекшілігімен Бұқар жырау Қалқаманұлының 355 жылдығы аясында өткен әнші-жыршылар номинациясында бас жүлде иегері, республикалық жыршы-термешілер байқауының жеңімпазы, «Шаттық-2024» байқауының алтын медаль иегері атанды.

Сарыарқаның самалымен тербеліп, есіп аққан Есілге

еркелей көз тастаған қазақтың хан ордасы – еңселі астанамызда дүниеге келген Толғанай Думанқызы тарихи кинолар көргенді ұнатады екен.

– Менің тарихқа қызығушылығымды оятқан осы өңірге белгілі азамат, кезінде облыстық, республикалық басылымдарда қызмет еткен, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ақын-жазушы, журналист, марқұм атам Амантай Әбілұлы Есілбаев еді. Кішкентай кезімнен сол кісінің қасында болып, әсіресе ашаршылық кезіндегі және дүниежүзілік соғыс уақытындағы қазақтың бастан кешкен қиындығы мен еліміз туралы тарихты тереңірек білуге ұмтылдым. Сурет салғанды ұнатамын. Қылқаламмен үндесе отырып, тарихи құндылықтардың сырын терең ұққым келеді, – деді Толғанай Есілбай.

Іңкәр БЕКБОЛАТОВА,  
Л.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық  
университетінің студенті

## ЖАЗДА ҚАЙДА ДЕМАЛАДЫ?

Елордада мектеп оқушыларының жазғы демалысы қалай ұйымдастырылады? Балалар үшін қандай лагерлер жұмыс істейді?



Астана қаласы Білім басқармасының мәліметі бойынша жазғы демалыспен 206468 оқушы немесе 1-10-сынып оқушылары жалпы санының 96 пайызы қамтылады.

Атап айтқанда, балаларды сауықтыру және демалу бойынша қаланың білім беру ұйымдарының базасында 97 мектеп жанындағы, оқушылардың қызығушылығы негізінде 75 бейіндік лагерь ашылады.

Балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетану орталығының аумағында орналасқан «Батыр» шатырлы лагерьі үш маусым ішінде 150 баланы қамтиды. 3 маусымнан бастап 23 тамызға дейін №43 қосымша білім беру мектеп-орталығы жанында 720 баланы қамтитын «Ақ желкен» спорт лагерьі жұмыс істейді.

Аз қамтылған отбасылардан шыққан балалардың жазғы

демалысын тегін негізде ұйымдастыру үшін барлық мектепте жалпыға бірдей білім беру қорының қаражаты есебінен қазіргі уақытта қала сыртындағы сауықтыру лагерлеріне жолдама сатып алуға конкурс жүруде. Тегін негізде оларда аз қамтылған отбасылардан шыққан 7326 бала демалады.

5-9-сынып оқушылары «Балдәурен-Щучинск», «Балдәурен-Қапшағай», «Балдәурен-

Балқаш» республикалық сауықтыру лагерлерінде, 1-4-сынып оқушылары «Бөбек» лагерінде денсаулығын нығайтады. Оқу-ағарту министрлігінен берілген квотаға сәйкес, осы лагерлерде аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан 458 бала демалады.

Жазғы мезгілде балаларды жұмыспен қамту 4 сектор бойынша 200519 баланы немесе 99 пайыз қамтуды көздеп отыр.

## МҰҒАЛІМ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

Мен өскенде музыка пәнінен мұғалім болуды армандаймын. Ең алғаш мектеп табалдырығын аттағанымда ұстаздарымның сабақ беруін, оқушыларға жаңа сабақты үйретуін көріп, мен де ұстаз боламын деп шештім. Әсіресе музыка пәнінен сабақ берген ұнайды. Бұл сабақ өзге сабақтардан өзіндік ерекше тұстарымен ерекшеленеді.

Әр сабақ сайын сыныптас-тарыммен жаңа ән үйрену, ән шырқау, кейде билеуге де болатыны қандай жақсы! Оқушыға жақсы көңіл күй сыйлайтыны сөзсіз. Кейде математика, логика, орыс тілі сияқты сабақтар шаршатып жібергенде, музыка пәнінің болғанына қатты қуанамын. Музыка пәнінде тек ән айтып қана қоймай, ән айту арқылы демалып та қалуға болады.

Өзім кішкентай кезімнен ән айтқанды жақсы көремін. Отбасындағы мерекелер мен мектептегі іс-шараларда ән шырқап келемін. Сондай-ақ

эстрада жұлдыздарының әндерін тыңдап, еліктеймін. Атап айтқанда, Мирас Жүгінісов, Садраддин, Мархаба Сәбидің әндері ұнайды. Өскенде музыка пәні мұғалімі болып қана қоймай, халыққа танымал әнші болып жатсам, үлкен жеке концерттімді ұйымдастырғым келеді. Анашымды ең алдыңғы қатарға отырғызып, үлкен шоқ гүлдерін ұсынып, «Ана туралы әнді» бүкіл халықтың көзінше анамның мерейін үстем етіп айтқым келеді. Бұл арманға жету үшін маған дәл қазірден бастап көп еңбектену керек деп ойлаймын. Анам маған ақын Мұхтар Шахановтың мына сөздерін үнемі айтып жүреді: «Үлкен адам болу үшін ғаламда – үлкен арман керек екен адамға». Осы сөз арманыма қанат бітіріп, мені алға жетелейді.

Тахмина ҚАЙСАРОВА,  
С.Мауленов атындағы  
№37 мектеп-лицейдің  
3-сынып оқушысы

№63 (4651) 28/05/2024 Сейсенбі

# ТАЗА ӘРІ ЖАСЫЛ ШАҒАР

Бас шаһардың озық қаланың біріне айналуында «жасыл» экономика маңызды рөл атқарады. Осы тұрғыда елордада «Таза Қазақстан» көктемгі тазалық акциясы екі ай бойы жалғасып, шаһарды абаттандыру және тазалау жұмысы қарқын алды. Қаланы көз тартарлықтай көгалдандыру үшін биыл 900 мыңнан аса жасыл желек отырғызылмақ. Бұдан басқа, Астана экологиясын жақсартуға қатысты қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр? Сауалға Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы жауап берді.

Индира  
БЕРЖАНОВА

## АУАНЫ ТАЗАРУДЫҢ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

– Елордадағы түгінмен күрес және ауаның ластануы мәселесінің басты шешімі – көгілдір отын. Бүгінгі таңда 24,4 мың жеке үйдің 200 мыңға жуық тұрғыны бар 12,2 мың (49%), оның ішінде 10,2 мың (40,9%) газға қосылған. Қазіргі кезде «Көктал-1», «Көктал-2», «Агроқалашық», «Теміржолшылар», «Пригородный», «Оңтүстік-шығыс», «Күйгенжар», «Мичурин», «Интернациональный» тұрғын алаптарының, сондай-ақ Потанин-Мәскеу, Нұрбесік, Ақбидай, Қазақ ауылы көшелері тұрғындарын газ құбырына қосу қамтамасыз етілді. 2023 жылы аудандық «Тұран», «Тельман», «Оңтүстік-Шығыс» қазандықтарына және «Үркер», «Пригородный», «Family Village», «Өндіріс» тұрғын алаптарына газ жеткізу желілерінің құрылысы аяқталды.

Осылайша 2026 жылы елордада 300 мыңға жуық халық (газбен қамтуға жататын халықтың жалпы саны) газға қолжетімділікпен қамтамасыз етілетін болады. Жалпы, газдандырудың әсері, яғни атмосфералық ауаның сапасын жақсарту кезең-кезеңімен болады, бұл шығарындардың жылына 40 мың тоннаға төмендеуін қамтамасыз етеді, – деді өз сөзінде қалалық Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы басшысының орынбасары Жанар Бескемпірова.

Спикердің айтуынша, соңғы 5 жылда қалада автокөлік саны 20,2%-ға өскен (349 мың 468 бірліктен 420 мың 120 бірлікке). Автокөлік санының артуы және қала қиылыстарында жиі кептелістердің болуы ауа ластануына әкеп соғады. Осыған байланысты елорда экологиялық таза көлік түрлеріне көшуді жолға қоймақ. Оның ішінде веложолдарды көбейту негізге алынған. Бүгінде оның жалпы ұзындығы – 64,5 км. Сонымен қатар қалада 1 000 мың бірлік электр көлігі және 51 қуаттау стансасы бар.

Астана қаласында экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярмен бекітілген «Астана және Алматы қалаларының экологиялық мәселелерін кешенді шешу жөніндегі Жол картасы» іске асырылуда, онда Астана қаласының әкімдігіне 14 іс-шара жүктелген.

## ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЖАМЫЛАДЫ

«Қаламызды көгалдандыру – жайлы өмір сүрудің бір бөлігі. Қала ауқымды көгалдандыру жұмысының алдында тұр. Бытыр бір миллионға жуық жасыл желек (984 591) отырғызылса, биыл да 900 мыңнан аса жасыл желек отырғызуды жоспарлап

отырмыз. Оның ішінде Еуропадан ірі ағаштар мен көпжылдық гүлдер бар. Биыл Астана аумағында 3 миллионнан астам біржылдық және 500 мың шамасында кілем тәрізді гүл көшеттерін отырғызу жоспарланған.

Елордада 5 жыл ішінде саябақ аумақтарын ұлғайту міндеті тұр. Оларды жол кеңістігі бойындағы жасыл желектермен байланыстыра отырып, «жасыл желекке жамылатын

белдеудің аумағында қояндар, түлкілер, қасқырлар тұқымдасы, ал құстардан – кекіліктер, сепкілгүл, қырғауылдар бар. 2024 жылы қырғауылдың 1800-ін ұшыру жоспарлануда, оның 700 басы ұшырылды, 150-і маусым айында, тағы 950-і қыркүйекте ұшырылады. Қырғауылдарды өсірудің басты мақсаты – оларды елорданың жасанды түрде құрылған жасыл белдеуінің аумағын қанықтыру.

тары басталды. Соның бірі «Таза Қазақстан» экоакциясы аясында жүргізіліп, 1500-ден астам студент пен елордалық мәслихат депутаттары «Нұра-Есіл» арнасынан 200 тоннадан астам қоқыс жинады. Қоқыстың кесірінен су ластануын болдырмау мақсатында жыл сайын сәуірден желтоқсанға дейін Есіл өзенінде, Ақбұлақ және Сарыбұлақ өзендерінде, «Нұра-Есіл» арнасында бірқатар табиғатты

үшін тоннасына 1 300 теңгеге дейін (бұрын тоннасына 3 800 теңге), сондай-ақ жеке тұлғаларға өтеусіз негізде төмендету жөнінде шаралар қабылданды. 2023 жылы алаңға 155,5 мың тонна қалдық қабылданды. Қалдықтарды заңсыз орналастырғаны үшін жазаны қатаңдату мақсатында Экология министрлігі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексіне өзгерістер енгізу мәселесін

кізіліп, игілікті іс-шара кезінде қаланы санитарлық тазалау, нөсерлік ауалар мен арық жүйелерін тазарту, көше бойын жаяу жүргіншілер жолдарын тазалау, саябақтар мен жасыл желектерді күту бойынша маусымдық агротехникалық жұмыстарды жүргізу, заңсыз жерлерде орналасқан қоқыс үйінділерін және ластанған аумақтарды тазалау жұмыстары жүргізіледі. Қаланың тамаша дәстүріне айналған бұл іс-шара биыл «Таза Қазақстан» экологиялық акциясымен үйлесім тауып, еңбек ұжымдарының, қала тұрғындарының күшімен полигонға мыңдаған тоннадан астам қалдық шығарылды, саябақтар мен скверлер аумағы жиналды. Оған зейнеткерлерден бастап, кәсіпорындар мен ұйымдар, ПИК және МИБ ұжымдары, шағын және орта бизнес субъектілері, студенттер мен оқушыларға дейін қатысты. Сәуірде басталған экоакцияға елордалықтар жаппай атсалысып, бүгінде де белсенділік танытып келеді. Аталмыш акцияның басты мақсаты – қоғам назарын экологиялық мәселелерге аударып, айналыны таза ұстауға, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға үлес қосу, сонымен қоса жас ұрпақ арасында экологиялық сананы, экологиялық мәдениетті қалыптастыру болып отыр.

Спикер Жанар Бескемпірованың сөзінше, қатты тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинау бойынша экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында қала тұрғындары арасында апараттық-насихаттау жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі. Әлеуметтік бейне-аудио роликтер мен жадынамалар, қалдықтарды дұрыс сұрыптау бойынша нұсқаулықтар, инфографика секілді тәсілдер тиімді қолданылады. Қала мекемелерінде экологиялық іс-шаралардың барлық түрі жүргізіледі. Соның ішінде «Астана қаласының үздік эко-отбасы», «Үздік тұрғын үй ауданы» байқаулары, сенбіліктер, қалалық білім беру ұйымдарында шеберлік сабақтары үнемі өткізіледі.



қала» сипатын беру – негізгі мақсат. Сондай-ақ көгалдандыру алаңы бір тұрғынға 14 шаршы метрден 19 шаршы метрге дейін ұлғайтылады. Осылайша қала тұрғындары үшін жасыл кеңістіктер қолжетімділікті қамтамасыз ететін 2 стратегиялық құжаттан («Қоғамдық кеңістіктер мен көгалдандыруды дамыту схемасы»), «Көгалдандыру жарғысы») тұратын «Елорда аумағын көгалдандыру жөніндегі тұжырымдама» іске асырылуда» деді спикер.

Астананың жасыл белдеуі – қаланың негізгі тынысы, өкпесі. Жасыл белдеуде шамамен 1,9 млн ағаш және 14,4 млн көшет отырғызылады. Елорда төңірегіне 100 мың гектарға жуық аумаққа орман отырғызылғаны қуантады. Жасанды орман флорасын құру фаунаың дамуымен қатар жүруі керек. Сондықтан жасыл

## ҚОҚЫС ТӨКСЕ – АЙЫППҮЛ

Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасына қарасты келесі бір мәселе – рұқсатсыз күл-қоқыс төгілетін орындардың санын азайту. 2023 жылы елордада Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында рұқсат етілмеген қоқыс орындары 2 есеге қысқарды. «Қазақстан ғарыш сапары» компаниясы ғарыш мониторингінің мәліметі бойынша, Астана аумағында 338 бейберекет қоқыс шашылған учаскенің 224-і (67%) жойылып, оларда жинақталған 100 мың тонна тұрмыс қалдықтары тиісті қоқыс төгетін орындарға тасымалдаған.

Қалада рұқсат етілмеген полигондарды жою жұмыс-

қорғау мақсатындағы іс-шаралар өткізіледі. Олар: су бетін санитарлық тазарту, акватория мен жағалау аумағын өсімдіктерден тазарту, түбін тазалау және жағалауды нығайту жұмыстары және мелиорациялық іс-шаралар (аэрация, балықтандыру, ремедиация).

Айта кететіні, құрылыс қалдықтары Солтүстік жота учаскесінде қабылданады. Участкеде құрылыс қалдықтары (асфальт, кірпіш, бетон және т. б.) өңдеуге арналған қуаттылығы жылына 196 000 куб метр ұнтақтау кешені орнатылған.

– Қалдықтарды басқару саласы бәсекелестік ортада екенін назарға ала отырып, құрылыс қалдықтарын қабылдауға арналған тарифті заңды тұлғалар

пысықтады, онда белгіленген орындардан тыс жерлерде қоқыс шығарғаны үшін әкімшілік жауапкершілікті 50 АЕК-тен (172,5 мың теңге) 200 АЕК-ке (690 мың теңге) дейін, қайта бұзғаны үшін 2 еселенген мөлшерде ұлғайту ұсынылады. «Астана мәртебесі туралы» ҚР Заңына мүлкі тәркіленіп, бұзушыларды жазалауды қатаңдату бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін қала әкімдігі пысықтады. Заң жобасы Ұлттық экономика министрлігінің келісімінен өткен жоқ, – деді Ж.Бескемпірова.

## ТАЗАЛЫҚ ТАЗА САНАДАН БАСТАЛАДЫ

Елордада жыл сайын жалпықалалық сенбіліктер өт-



Бұрын дауасы қиын ауру – ЖИТС-тен, яғни жүре пайда болатын иммун тапшылығы синдромы дертінен емделу мүмкіндігі бүгінде ғылым мен медицина жетістігінің арқасында арта түсті. Мамырдың әр үшінші жексенбісінде әлем осы аурудан қайтыс болғандарды еске алады. Мамандардың айтуынша, елордада соңғы 10 жылда ЖИТС-тен өлім-жітім екі есе азайды. Мұның бәрі диагноз қойылғаннан кейін бірден қолжетімді антиретровирус терапиясын өткізудің арқасында мүмкін болған.

**А**урудың алдын алу, жалпы тарихы туралы жақында арнайы брифингте қалалық АИТВ-инфекциясының, яғни Адамдағы иммун тапшылығы вирусының алдын алу орталығының директоры Қанат Асқаров айтып берді. Оның айтуынша, статистикаға сәйкес, Астанада бұл ауруды жұқтырған 3 мыңдай адам тіркелген, жыл басынан бері бұл көрсеткіш 142 адамды құраған, жұқтырғандардың 64 пайызы 20-39 жас аралығындағы жастар болған, көбіне, яғни 90 пайыздан астам жағдайда ауру жыныстық жолмен жұққан.

– Елордалық дәрігерлер АИТВ-инфекциясының алдын алу тәсілдерін өзгерте бастады. Скринингке, диагностикаға және емдеуге ерекше назар аударылатын жаңа стратегиялар (95-95-95) анықталды. Іс жүзінде бұл «Табу, сынау, емдеу және сақтау» тұжырымдамасын жүзеге асыруды білдіреді. Мәселен, емханаларда клиникалық көрсеткіштер бойынша АИТВ-ға тестілеу белсенді жүргізілуде. Нәтижесінде 80 пайыздан астамы ерте кезеңде анықталады. Халықтың негізгі топтары үшін УЕУ базасында экспресс-тестілеу енгізілді. Индекстік тестілеу бағдарламасы жүзеге асуда. Жыл басынан бері барлығы 100 мыңнан астам адам АИТВ-ға тексерілді. Алдымызға қойған жаңа мақсат – жаңа технологияларды, дәрілік нарықта жаңа препараттарды және неғұрлым жеңілдетілген емдеу схемаларын енгізу, – деді өз сөзінде орталық басшысы.

Бұл күн алғаш рет 1983 жылы аталып өтті. Сол кезде медицинаға белгісіз аурудан бірнеше мың адам қайтыс болды, ал ұйымдастырушылар ЖИТС-ке назар аударып, науқастарға қолдау көрсеткісі келді. Бүгінгі таңда әлем бойынша 42 миллионнан астам адам вирусты жұқтырып, 25 миллионнан астам адам қайтыс болды. Бұл аурумен өмір сүретін адамдардың көпшілігі – 30 жасқа дейінгі жастар. ЮНЭЙДС-тің биылғы ұраны: «Махаббат пен ынтымақтастық арқылы бірге есте сақтаймыз, бірге жеңеміз!». Ұран эпидемия өмірін қиғандарды ұмытпауға, ақпараттық-профилактикалық бағдарламалар мен жобаларды белсенді түрде жүзеге асыруға, АИТВ-мен өмір сүретін адамдар аурудан гөрі көп екенін және оларды стигма мен кемсітуге болмайтын түсінуге шақырады.

АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы ЖИТС-тен қайтыс болған



**3000**  
АСТАНАДА БҰЛ АУРУДЫ  
ЖҰҚТЫРҒАН ОСЫНША  
АДАМ ТІРКЕЛГЕН

## ЖИТС-тен ӨЛІМ-ЖІТІМ ҚАЛАЙ АЗАЙДЫ?

адамдарды еске алу күні аталған инфекцияның таралу мәселелеріне қоғамның назарын аударуды маңызды деп санайды. Халықаралық еске алу күні – дерттің одан әрі таралуына қарсы тұруға дайын екенін көрсетудің тағы бір мүмкіндігі, сонымен қатар бұл ешкімнің аурудан сақтандырылмағанын еске салады. Оның үстіне, бұл – нақты тәуекелді көрсету және оны қалай болдырмауға болатынын түсіндіру мүмкіндігі. Осыған байланысты еске алу күнінің басты мақсаты – аурудан қайтыс болған адамдарды еске алу ғана емес, инфекцияның алдын алуға да хабардар ету, инфекциямен өмір сүретін адамдардың құқығын сақтау, стигма, кемсітушілікпен күресу мәселесіне жұртшылық назарын аудару.

Медицина мамандарының айтуынша, бүгінгі таңда заманауи медицина жетістігінің арқасында АИТВ-инфекциясы бақылауға болатын созылмалы ауруға айналды. Атап айтқанда, антиретровирус терапиясы инфекцияның асқынуды бәсеңдетеді және онымен ауыратын адамдарға толыққанды өмір сүруге мүмкіндік береді. Елімізде инфекция анықталған барлық науқас терапияны

тегін алады. Еске алу күнінде оның таралу мәселесіне қарапайым азаматтардың көзқарасын өзгертуге шақыру көзделді. Мәліметтерді толық және кеңінен беру, тарату мақсатында АИТВ-орталығы елорда тұрғындары үшін ақпарат-ағарту жұмысын, инфекцияның бар-жоғын тексере отырып, түрлі іс-шара өткізеді. Халықаралық күнге байланысты Ішкі саясат, Білім, Дене шынықтыру және спорт басқармаларымен, Астана қаласының басқа да ұйымдарымен бірлесіп, жастар арасында инфекцияның алдын алу бойынша акция өткізді.

Астана қаласы бойынша 1997 жылдан бастап АИТВ-инфекциясының 3226 жағдайы тіркелді, оның ішінде 60 пайыз жағдай 20-39 жас арасындағы адамдарда тіркелген. Жүргізіліп жатқан жүйелі алдын алу шараларының нәтижесінде елімізде АИТВ-инфекциясының таралуы бойынша жағдай Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бағалауы бойынша шоғырланған кезеңде сақталуда. Бір жыл ішінде тестілеу көлемі 7,5 пайызға артты. Жүкті әйелдерді есепке қою кезінде тестілеумен қамту 99,1 пайызды құраса, жүкті әйелдердің жыныстық серіктесін тестілеумен қамту 95 пайыздан артық болды.

## СКРИНИНГТІҢ ПАЙДАСЫ ҚАНДАЙ?

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша әлемде жыл сайын 40 миллионнан астам адам созылмалы инфекциялық емес аурулардан қайтыс болады, бұл барлық өлім-жітімнің 71 пайызын құрайды. Оның ішінде 15 миллионнан астамы – 30-69 жас аралығындағылар. «Аурудың алдын алу оны емдеуден гөрі оңай» деген дәрігерлер тіркеуде тұрған халықты скринингке шақырады. Скрининг – бұл клиникаға дейінгі кезеңде ауруды анықтауға арналған алдын алу шарасы.



Елордалық терапевт Әзиза Наркұлованың айтуынша, жұқпалы емес аурулардың алдын алу – бүгінде Үкіметтің, қоғамның және түрлі медицина ұйымдарының бірлескен қызметінің басты бағытының бірі. Дәрігерлер алдын алу аурудың асқынуды қауіпін 50 пайызға төмендетуге көмектеседі деп сендіреді. Мұның бәрі бастапқы профилактикадан басталады.

– Скринингтің негізгі мақсаты – ауруды симптомдарды тудырмас бұрын анықтау, оңтайлы емдеуді таңдау және алдын алу шараларының кешенін тағайындау. Елордалық емханаларда 30 жастан 70 жасқа дейінгі ересектер скринингке шақырылады. Скринингтен өту тегін. Профилактикалық тексерулерді қаржыландыру МӘМС қаражаты есебінен жүзеге асады, сондықтан скринингтен өту үшін сақтандыру мәртебесі болуы қажет. Белгіленген скринингтік зерттеулерден өту кезінде қызметкерге орташа жалақысы бойынша төлеммен 3

күнге дейін әлеуметтік демалыс беріледі. Жас кестесіне сәйкес үнемі өтіп отыру керек, – дейді республикалық медициналық санитариялық алғашқы көмек орталығы профилактикалық медицина бөлімшесінің меңгерушісі Жансая Қалилаева.

Елорданың барлық емханасында аурулардың алдын алуға баса назар аударылады. Сондықтан науқастармен профилактикалық әңгімелер жүргізетін салауатты өмір салты дәрігерлері бар. Сондай-ақ медицина мекемелерінде түрлі денсаулық мектептері жұмыс істейді. Денсаулық мектептерінде сабақтар жеке және топтық түрде өтеді. Мұнда дәріс, әңгіме, түрлі презентация ұйымдастырылады. Негізгі міндет – ауру, қауіп факторлары және прогрессивті курс туралы дұрыс идеяны қалыптастыру. Ең қарапайым ереже – салауатты өмір салтын ұстану, яғни жаман әдеттен бас тарту, дұрыс тамақтану және арқашан физикалық тұрғыдан белсенді болу.

Бетті дайындаған **Райхан РАХМЕТОВА**

## ДҰРЫС ТАМАҚТАНУДЫ СӘНГЕ ЕМЕС, ӘДЕТКЕ АЙНАЛДЫР!

Адам денсаулығын сақтау мен нығайту – қоғамдағы тұрақтылық пен игіліктің кепілі. Кез келген өркениетті мемлекетте әр азаматтың саулығы ел әлеуеті мен ұлттық қауіпсіздіктің көрсеткіші екені рас. Сондықтан соңғы жылдары салауатты өмір салтын, дене шынықтыру мен дұрыс тамақтануды насихаттауға үлкен ден қойылған.

Астана қаласы салауатты өмір салты орталығының нутрициологы, медицина ғылымдарының кандидаты Жанар Толысбаева дұрыс тамақтану мәселесімен 15 жылдан бері айналысып келеді. Оның ойынша, жан мен тәннің саулығы тек спортқа ғана байланысты емес, дұрыс тамақтанудың да өз үлесі зор. Пайдалы тағамдарды тұтыну-дың маңызы жайында түсіндіру балабақша, мектептен бастау алуы тиіс дейді маман.

– Әдетте, дастарханымызда құрамында тұз бен қанты көп, зиян майлардан тұратын, қайта өңделген ас түрлері кездеседі. Осылардың барлығы адам денсаулығына кері әсерін тигізеді. Сол себепті тұтынып отырған ас өнімдері ауру тудырып, халықтың денсаулығына зақым келтіреді. Көп адамның тамақ өндірісіндегі агрессивті маркетингтің айналасына түсетіні өкінішті. Сөнге айналған бургер, газды сусындар, түрлі құрғақ снектер

мен қытырлақ чипсы сынды зиянды өнімдердің жарнамасы жер жарып, денсаулыққа зардабын тигізеді, – дейді дәрігер.

Құнары шамадан тыс тағамдар артық салмаққа әкеліп, ақырында түрлі ауруға ұласады. Бұл – ғылыми дәлелденген пікір. Табиғи таза өнімдердің пайдасы ғылыми тараптан мақұлданған.

– Табиғи таза ас өнімдерінің жарамдылық мерзімі қысқа болғандықтан, оларды уақытылы әрі күнделікті қолдану керек.



Дәл осындай таза өнім ағзаға қажеттінің барлығын сіңіртіп, бойға қуат береді. Батыста junk food деп зиянды тағамдарды атайды. Қандай өнімдермен тамақтанып жүрсіңдер – соған мән беріңіздер, – дейді маман.

Оның пайымдауынша, көпшілік дұрыс тамақтануды артық салмақтан арылу үшін ғана маңызды деп санайды. Шындап келгенде, адам саулығы үшін оның мәні әлдеқайда кең. Дұрыс тамақтануды біртіндеп әдетке айналдыру керек. Уақыт өте келе адам пайдалы тамақтану қуат алып, жақсы көңіл күйде жүргенін аңғарады. Ең бастысы, бұл әдет созылмалы аурулардың алдын алып, артық салмақтан арылуға көмектеседі. Дұрыс тамақтану да спорт тәрізді уақытша сәнге емес, өмір салтына айналуы тиіс!

№63 (4651) 28/05/2024 Сейсенбі

Атаулы күн аясында күй өнерін насихаттап, аға буын күйшілердің ізін басып келе жатқан жас дарындарды анықтау, халқымыздың рухани, мәдени құндылықтарын келешек ұрпаққа жеткізу мақсатында өткен бұл байқауды Астана қаласы әкімдігінің «Бірлескен мұражайлар дирекциясы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына қарасты Сәкен Сейфуллин музейі ұйымдастырып өткізді. Астана қаласы Сарыарқа аудандық әкімдігі, С.Сейфуллиннің нағашы қарындасы Асылгүл Әбіш, Күләш Бәйсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті, кәсіпкер Ерубай Исатаев байқауға демеушілік жасады.

#### ЕСТЕ ҚАЛҒАН ЕРЕКШЕ БӘЙГЕ

Екі кезеңнен тұратын конкурсқа 18 бен 20 жас аралығындағы 23 күйші қатысты. Олар сайыстың бірінші кезеңінде Тәттімбет, Сайдалы сары Тоқа, Итаяқ, Дайрабай, Қыздарбек, Әбікен Хасенов, Сембек, Әбди, Ахметжан Сармантайұлы, Аққыз Ахметова, Мағауия Хамзин, Бегімсал күйшілерінен екі күй орындаса, екінші кезеңде өз қалауы бойынша екі күй тартуы тиіс. Аты қалалық дегеніңіз болмаса, салтанаты мен салмағы, мәні мен маңызы республикалық байқаудан асып түскен бұл байқауға елімізге белгілі күйшілер Ахат Байбосынов, Жанғали Жүзбай, Абылғазы Ахмадиев, Қайрат Айтбаев, Ерболат Сапуанов, Мадияр Сүлейменовтар қазылық жасады.

Биыл бірінші рет өткізіліп отырған байқаудың Сәкен Сейфуллин музейінде өтуі тегін емес. Қазақтың біртуар ұлы Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллиннің (1894-1938) жұрт «қазақтың атақты ақыны, жалынды жазушысы, дарынды драматург, білікті ұстаз, мемлекет қайраткері, Қазақ КСР Халық Комиссарлары кеңесінің алғашқы төрағасы» ретінде білгенімен, оның қазақтың өн-күй өнеріне үлкен қамқорлық жасағанын, өзі де күй тартып, тарихы терең біршама күйді біздің дәуірге жеткізгенін көбі біле бермейді. Мәселен, 1925 жылы жарық көрген А.В. Затаевичтың «Қазақ халқының 1000 әні» музыкалық-этнографиялық жинағында күй тартып, дерек берушілер қатарында Сәдуақас (Сәкен) Сейфуллин, Қамбар Медетов, Жүсіпбек Аймауытұлы, Ахмет Байтұрсынұлы сынды алаш арыстарының да аты аталады. Жалпы осы жинақтың жарық көруіне Сәкен мен Ахметтің сіңірген еңбегі ерекше. Атап айтқанда, Сәкен Затаевичтың ел ішінен өнер туындыларын жинауына өз тарапынан барлық мүмкіндікті жасап, қаржылай көмек те көрсеткен. Сондай-ақ «Тоқа» және «Абылай ханның атты маршы» күйлерін өзі орындап беріп, осы екі күйдің бүгінге жетуіне себепкер болды. Әрине, «Тоқа» күйін бүгінгі күй зерттеушілері Тәттімбеттің «Сылқылдағына» ұқсатып жатады. Бірақ аталған жинаққа 189 реттік нөмірімен енгізілген «Тоқа» күйі жайлы Затаевич: «бұл Ақмола уезінде тұратын қазақ руының аты» деп қысқа қайырған. Ал жинақта 190 реттік нөмірімен жарияланған «Абылай ханның атты маршы» (Терісқақпай) жайлы А.Затаевич «Қазақтардың айтуы бойынша, бұл маршты Орта жүз ханы Абылай ордасынан салтанатты сапарлатып шығып бара жатқан кезде домбырашылар тартатын. «Терісқақпай» деп аталудың себебі, оң қолдың қағысын төменнен жоғары «теріс қағып» алудан шыққан» деп түсіндірме жазады.

#### «ҚОҢЫР» КҮЙІ КІМГЕ АРНАЛДЫ?

Қазақтың атақты күйшісі, шертпе күйдің шебері, актер, Қазақстанның еңбек сіңген артисі



## ДОМБЫРАДАН МҰҢЛЫ КҮЙ ТӨГІЛГЕН КҮН

ӨЗІ ДЕ, ӘКЕСІ ДЕ РЕПРЕССИЯ ҚҰРБАНЫ БОЛҒАН СӘКЕН МҰРАЖАЙЫНДА ЕРЕКШЕ ІС-ШАРА ӨТТІ

Елорда төріндегі ақын, мемлекет қайраткері, жазушы-драматург, сазгер Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылық жолы жайлы тарихи сыр шертетін Сәкен Сейфуллин музейінде Арқа топырағында дүниеге келіп, дәстүрлі қазақ өнерінің өрісін кеңейтіп, өнегесін дәріптеуге өшпес үлес қосқан Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдық мерейтойы мен 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай «Күй құдіреті» атты қалалық жас күйшілер байқауы өтті.

Әбікен Хасеновке де Сәкеннің саяси түскен. Кеңес өкіметі кезіндегі ел жақсыларының көзін жою саясатының салдарынан Арқадағы атақты күйшілерге де жаппай қуғын-сүргін басталады. Шолақ белсенділер оларға «ескілікті насихаттаушылар» деп жала жауып, шетінен сотсыз-сұрақсыз атқыза бастады. Сармантайдың Ахметжаны, Кәрібек, Әбди мен Сембек секілді атақты күйшілер атылады. Көп өтпей, Әбікен Қарқаралыда НКВД-ның қолына түсті. Бірақ өйтеуір құдай қолдап, аман қалған ол Алматыда Сәкенді іздеп табады. 1934 жылы Сәкен Сейфуллиннің көмегі тиіп, Қазақ драма театрына жұмысқа алынып, өмірінің соңына дейін сонда істейді. Әбікен Хасеновтің «Қоңыр» күйі Сәкенге арналған деген дерек те бар. Міне осы тұрғыдан ескерсек, Сәкен де күйден алыс емес. Ендеше Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдық мерейтойы мен 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай Сәкен Сейфуллин музейінде күй күмбірілген өнер бәйгесінің өтуі үлкен жаңалық әрі жалғастыруға тұралық иті бастама. Бұл жөнінде жоба авторы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Сәкен Сейфуллин музейінің басшысы Марат Әбсеметов былай дейді:

«Сәкен алғашқы болып, Қазақстанда музыкаға үлкен мән берген адам. Орынборда Үкімет

басында болғанда 1922-1924 жылдары халықтың өн-күйлерін жинаған композитор Затаевич те әрдайым Сәкеннен қолдау алып отырған. Репрессия кезінде Сәкеннің өзі де, әкесі де атылды. Өткен ғасырдың 30-жылдардың бегерінде Сарыарқада, Бетпақдалада үлкен көтеріліс болды. Оны Алашорда қайраткері Жақыпбаев басқарды. Сәкеннің әкесі Сейфулла, тұған інісі Мәжит сынды қазақтың мықтылары мен күйшілер де атсалысқан. Осы көтеріліске қазақтың Сембек, Әбди бастаған біраз күйшілері қатысқан. Хантау төңірегінде қиян-кескі шайқас болып, көтерілісшілердің оғы таусылады. Сол кезде атқан оғы жерге түспейтін Сембек мерген қанжарып, зираттың ішінде күй алқабын күмбірлетіп жібереді. Сол кезде оқ жаудырып жатқан қызылдар да атысты тоқтатып, бұларға қайран қалған екен. Күйдің құдіреті болса керек, көтерілісшілердің біразына рақым жасалып, қоя беріледі. Бірақ Сембекті кешірмей, оны бөлек шығарып, зираттың ішінде күй тарттырып тұрып атып тастаған. Бұл жөніндегі, яғни Сембекті қалай атқаны жайлы НКВД-ның құжаты менің қолымда. Міне күйдің құдіреті, қазақ бұрын жауға

шапса да, қанжығасына домбырасын байлап жүрген. Ендеше, жауына күймен де төтеп берген кешегі боздақтарды қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнінде күй арқылы еске алсақ, ол тарихпен тамырласып, бүгінгі күнмен де үндесіп тұр».

Марат Әбсеметовтің айтуынша, күй бәйгесі келер жылы да жалғасын таппақ. – 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні қарсаңында күй бәйгесін өткізіп, оған «Күй құдіреті» деп ат қоюмыздың бір себебі қазақтың өнері ысқырған ажал оғының астында да өлмеген өміршен өнер екенін айтылу. Алғашқы конкурсты қалалық деңгейде өткіздік. Бірақ соған қарамастан қатыссақ деп хабарласқандар аз болған жоқ. Шертпе күйге басымдық берген байқауға 20-дан аса өнерпаздың жиналуы жақсы көрсеткіш. Оның үстіне бұлардың бәрі күйдің құдіретін жанымен сезінген жастар. Біздің бастамамызды аға буын күйшілер де қолдап жатыр. Енді бұйырса бұл байқау жылы сайын дәстүрлі түрде өтетін болады, – деді Марат Әбсеметов.

#### ӨЗІ ДЕ «58-СТАТЬЯМЕН» АТЫЛДЫ

Бұл күй бәйгесінің тағы бір ерекшелігі қуғын-сүргінге ұшыраған күйшілердің күйін тартуға



жатыр. Оның үстіне, бәйгеңің шағын залда, дыбыс ұлғайтқышты (микрофонсыз) көмегіңізсіз өткізілуі де қатысушыларға домбыраның табиғи таза сазын тыңдауға мүмкіндік берді. Бұған жарысқа қатысқан жас күйшілер де дән риза.

«Бүгінгі іс-шараның микрофонсыз өтуі – оның басты ерекшелігі болды дер едім. Қазіргі микрофондар домбыраның сазды үнін тұншықтырып, нағыз дыбысын толықтай естуге кедергі жасайды. Болашақта үлкен сахнаға да микрофонсыз шыға алатындай, Италиядағы Carlo Felice театры нұр болар еді» дейді К.Бәйсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің 3-курс студенті, домбырашы Құдайбергел Табыс.

Байқауда қызыл қуғын-сүргінмен тікелей қатысты «58» және «Төрт тұлға» күйлерін жұрттың аса ықыласпен тыңдағанын да айта кеткен жөн. Сармантайдың Ахметжаны қалдырған «58» күйі «58-статья» деп те аталады. Ол ұлт басына түскен нәубетті, ұлтқа қарсы жасалған саяси қылмысты қазақтың қара домбырасының үніне салып, ауыл қазақтарының көрне азабын, ел басына түскен қасіретті, қиындықты, халық тағдырына төнген қатерді «58-статья» атты күймен жеткізген еді. Ол күшпен ұжымдастыру науқанына қарсы ұйымдастырылған Балқаш бойындағы көтеріліске қатысқан. 1930 жылдың наурыз айында Қарқаралының түрмесіне қамалып, осы жылдың қыркүйегінде «үштіктің» үкімімен, Қылмыстық кодекстің 58-бабы бойынша сотталып, атылды. Денесін тасқа байлап, қара суға тастаған. Ал «Төрт тұлға» күйі – Алаш арыстарына арналған, кейінгі ұрпақтың оларға деген үлкен құрметінің көрінісі.

«Алаш арыстарына арналған күй өте аз. Жезқазған облысында филармонияда оқып жүрген кезде Сәкен, Лияс, Бейімбет, Тұрар сынды арыстарымызға арнап «Төрт тұлға» күйін жазып едім. Ол менің сол арыстарға арнаған дұғам. Бүгінгі бәйгеде сол күй де орындалды» дейді күй авторы, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, халық күйшісі, күйші-композитор, осы конкурстың қазылар алқасының төрағасы Ахат Байбосынов.

Сонымен қатар, ол бұл өнер бәйгесінің мән-маңызына да тоқталды.

– Бұл күй бәйгесінде репрессия жылындағы бабаларымызды еске алу мақсат етілді. Қуғын-сүргінге ұшыраған арыстардың аруағын қазақтың құдіретті күй өнерімен аунатуға мұрындық болған Марат Әбсеметов бастаған азаматтарға алғысымыз шексіз. Байқауда 20 шақты жас буын бақ сынады, барлығы дерлік кәсіби музыканттар.

Музейдің шағын залында өтетін қалалық конкурсқа осыншама өнерпаз қатысады деп ойлаған жоқпыз. Осы үрдіс әрі қарай жалғаса берсе, болашаққа да берері мол, – деді ол.

#### ТАРИХИ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТТЫ

Байқауға Күләш Бәйсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, танымал күйші Жанғали Жүзбай да жоғары баға беріп, бақ сынаған жеткіншек күйшілерге алғысын білдірді. «Бұл байқау – нәубет жылдарындағы, сотталған, ақталмаған күйшілердің байқауы. Сондықтан оның мәні бөлек. Қазақстанда төкпе күй байқауы, шертпе күй байқауы сынды конкурстар аз өтіп жатқан жоқ. Бірақ дәл бүгінгідей үнінен нәубет жылдардың ызғары сезілетін күйшілердің байқауының өтуі өте игілікті жұмыс болды. Бүгін орындалған «Откіңші қосбасар», «Тәубе қосбасар», «Мұң қосбасар», «Шер қосбасар», «58» күйлері – 30-жылдардағы құдалау кезінде шыққан күйлер. Арқаның күйшілерінің көбі 58-статьямен атылды. Сондықтан жас жеткіншектердің тарихи санасын жаңғыртқаны үшін бұл іс-шараның ұйымдастырушыларына, жоба авторына алғысымыз шексіз» деді белгілі күйші.

Қазылар алқасының шешімі бойынша, байқаудың екінші кезеңінде өткен 12 күйшінің арасынан топ жарған 4 күйшіге қаржылай сыйлықтар, сертификаттар берілді. Бас жүддені К.Бәйсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің студенті Нұрболат Тапалов алса, 1-орын осы университеттің студенті Бекзада Достияроваға бұйырды. Ал 2,3-орын Тәттімбет атындағы өнер колледжінің оқытушысы Темірлан Кубат пен К.Бәйсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің студенті Бауыржан Сейділіге берілді. Сонымен қатар, алты күйшіге Күләш Бәйсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті ректоры Азамат Жылтырқозов атынан Әбікен Хасенов, Тәттімбет, Сайдалы сары Тоқа, Аққыз Ахметқызы, Мағауия Хамзин атындағы арнайы жүлделер берілді. Сәкен Сейфуллин мұражайының атынан музей басшысы Марат Әбсеметов жас күйші Аяна Сатаеваға марапат қағазымен қоса, қанжар сыйлады. 5 күйшіге ынталандыру сыйлығы табысталды.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ, Аяла АБЗАЛҚЫЗЫ, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті





Айгул  
УАИС

## ҮМІТ ОТЫ ӨШПЕСІН

Орталыққа қабылданатын қызмет алушы әйелдердің басы көпшілігі – жетіспеушіліктен, ер азаматтарының маскүнемдігінен, құмар ойындарға тәуелді болуынан қиындық көріп, тұрмыстың түрлі қыспағына түсіп, психологиялық зорлық-зомбылыққа ұшырағандар. Олардың 90 пайызының жеке тұрғын үйі, тұрақты жұмыс орны жоқ, тіпті ресми түрде некеге тіркелмеген. Көпшілігінің Астана қаласында туған-туыстары да жоқ. Осыған байланысты олардың жалпы ортамен қарым-қатынастары шектеліп, жан-жағынан, көршілерінен, өзге адамдардан, құқық қорғау қызметкерлерінен көмек сұрай алмай, жылдар бойы өз-өздерін төмен бағалап, зорлық-зомбылыққа төзуге мәжбүр болған.

### ТЫНЫМСЫЗ ЖҰМЫС

Барар жер, басар тауы қалмағанда, дағдарыс орталығы әйелдер мен олардың балаларына қауіпсіз орын-жай ұсына отырып, психологиялық жағдайларын жеңілдету және оның салдарын жойып, қажет болған жағдайда тұрғылықты жері бойынша тіркеуге алу, жұмысқа орналастыру, тұрғын үйге кезекке қою, ажырасу, алимент өндіру процестері бойынша құқықтық көмек көрсетіп келеді. Орталықтың паналап келген әрбір әйелдің тұрмыстық зорлық-зомбылық қазығез қарым-қатынаста болған кезеңдерін ескере отырып, қиын жағдайдан шығу жолдарын белгілейтін жеке жұмыс жоспары әзірленеді. Олар дағдарыс орталығына келген күннен бастап 72 сағат ішінде медициналық тексеруден, Астана қаласы Полиция департаментінің жолдамасы негізінде жәбірленуші сот-медициналық сараптамасын жүргізуге жіберіледі. Медициналық қызмет көрсету №14 қалалық емханада жүргізіледі. Астана қаласының Білім басқармасымен жасалған меморандумға сәйкес қызмет алушылардың балалары дағдарыс орталығында тұру кезеңінде жақын маңдағы мектептерге ауыстырылады.

2023 жылы жүргізілген талдауға сәйкес 60 әйел бойынша мынадай критерийлер анықталды. Қабылданған әйелдердің ең көп саны психологиялық зорлық-зомбылыққа – 100%, физикалық зорлық-зомбылыққа – 100%, экономикалық зорлық-зомбылыққа – 82%, жыныстық зорлық-зомбылыққа – 18% ұшыраған. Олардың 19-ы – жоғары білімді, 19-ы – орта-арнайы білімді, 21-і – орта білімді, магистратура дәрежесі 1 әйелде бар. Қызмет алушылар арасында 30 жастан 39 жасқа дейінгі жас санаты басым.

Орталық мамандарының үздіксіз жұмысының арқасында

Астана қаласы әкімдігінің «Үміт» дағдарыс орталығында жұмыс істеген күннен бастап 2337 адамға қызмет көрсетілген. Оның ішінде 758-і – әйел, 1579-ы – бала. Мұнда қызмет алушылар үшін барлық қажетті әрі қолайлы жағдай жасалған. Жалпы көлемі 1809,2 шаршы метрді құрайтын ғимарат алты қабаттан тұрады. Орталықтың сыйымдылығы 50 төсек-орынға есептелген, қызметкерлер саны 41 адамды құрайды. Дағдарыс орталығы 18-ден 58 жасқа дейінгі тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарын өз өтініштерімен, сондай-ақ білім беру, денсаулық сақтау және ішкі істер органдарының бастамаларымен қабылдап, 1 айдан 6 айға дейін стационарлық жағдайда әлеуметтік қызметтер көрсетеді.

24 қызмет алушы 74 баласымен тараптардың татуласуы бойынша шығарылды. 2023 жылдың қаңтар-желтоқсан айларын қоса алғанда, қызмет алушыларға 766 қызмет көрсетілді. Әлеуметтік қызметкерлер орталықтың қызмет алушыларына 691 консультация өткізді.

### СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫН ПАЙДАЛАН!

Орталықта тәулік бойы 49-78-89, 8-707-336-20-36 нөмірі бойынша сенім телефоны жұмыс істейді. 2023 жылы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған адамдардан 492 қоңырау түсті (2022 жылы қоңыраулар саны – 299). Бұл тұрмыстық зорлық-зомбылықтың өсу тенденциясын, сондай-ақ орталықтың жұмысы туралы ақпараттың қолжетімділігін көрсетеді. Орталықтан шығарылғаннан кейін бір жыл ішінде қызмет алушылармен өмір сүру жағдайлары, жұмысқа орналасу жағдайлары бойынша байланыс сақталады және мүмкіндігінше көмек көрсетіледі.

Орталықтың басты қызметтерінің бірі – әлеуметтік-медициналық қызметтер. Орталыққа келіп түскен қызмет алушыларға алғашқы медициналық тексеру жүргізіледі, қажет болған жағдайда дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсетіледі және Астана қаласы Полиция департаментінің жолдамасы негізінде жәбірленуші сот-медициналық сараптамасын жүргізуге жіберіледі.

2023 жылы медициналық персоналмен 555 әлеуметтік-медициналық қызмет көрсетілді, оның ішінде 382 – дәрігерге дейінгі көмек, 9 – жүкті әйелдерді есепке алу, 4 – мүгедектік, 13 – стационарлық емдеу, 98 – дәрігерлік тексеру, 64 жедел жәрдем шақырудан өтті.

Орталықта екі психолог маман жұмыс істейді. Қызмет алушыларды орталыққа қабылдау кезінде психологтармен әңгімелесу, қарым-қатынас, тыңдау түрінде шұғыл психологиялық көмек көрсетіледі. Жұмыс барысында қызмет алушыларға жеке диагностикалық тексеру мен өзін-өзі бағалауын арттыру жұмыстары жүргізіледі.



### БАЛАЛАР ПСИХОЛОГИЯСЫНА – ЕРЕКШЕ НАЗАР

Отбасындағы зорлық-зомбылықтың нәтижесінде бала өмірінің барлық салаларының қалыптасуы бұзылып, мінез-құлқында түзетілуі қиын, терең жеке өзгерістер орын алады.

Отбасындағы зорлық-зомбылықты көрген балаларда ешқандай себепсіз ашу, агрессия қалыптасады, көптеген жағдайларда балалар пассивті келеді, құрдастарымен қарым-қатынастары бұзылады. Кейбір жасөспірімдерде суицид әрекеттерінің байқалуы да мүмкін. Бұндай отбасыларда балалар агрессорға немесе құрбанға айналады.

Кәмелетке толмаған балалардың психологиялық денсаулығын сақтау мақсатында орталықтың психологтары балалармен 505 рет психологиялық тренингтер, тәрбиешілермен бірлесіп іс-шара өткізді.

Психолог мамандардың жүргізген жұмыстарының нәтижесінде қызмет алушылардың өздеріне деген сенімділігі артып, эмоцияларын бақылай алуы, агрессияның төмендеуі байқалып, өз бетінше шешім қабылдауға, таңдау жасауға, өзін бағалауға және құрметтеуге үйренеді.

2023 жылы мамандардың жұмыс жоспарына сәйкес 826 психологиялық қызмет көрсетілді, оның ішінде аналарға 294 консультация мен 27 топтық

тренинг жүргізілді. Орталық тәрбиешілерінің жұмысы кәмелетке толмаған балалардың педагогикалық консультациядан өтуіне жәрдемдесуге, құндылық бағдарларын, көзқарастарын және мінез-құлық дағдыларын өзгерту бойынша сабақтар өткізуге бағытталған. Орталықта 2 тәрбиеші мен 2 тәрбиешінің көмекшісі мектепке дейінгі балалармен жұмыс жүргізеді.

### ЕҢБЕК ТЕРАПИЯСЫ ДА МАҢЫЗДЫ

Қызмет алушылар арасында еңбек терапиясы жолға қойылған. Орталық мамандары қызмет алушылардың қолда бар еңбек дағдыларын тексеру және кәсіптік бағдарлауға жәрдемдесу, қызмет алушыларды қолжетімді кәсіптер мен практикалық дағдыларға, оның ішінде емдеу-еңбек қызметі, қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ете отырып, қоғамдық пайдалы жұмыстар арқылы оқыту жөніндегі іс-шараларды өткізеді.

10 жастан асқан балалармен 68 іс-шара (қолөнер, моншақ тоқу, иірілген жіптен гүлдер, оригами, майлықтан гүлдер, 8 наурызға арналған ашық хаттар, суреттерді жағу, шұғыл қуыршақтарын тігу, папье-маше, тұзды қамырмен жұмыс, моншақ, сурет салу, жіппен жұмыс, «Ертегілер» тақырыбындағы пластилиннен модельдеу). Өткен жылы әйелдермен 123 іс-шара өткізілді (тоқуды үйрету, моншақтардан «ағаш» тоқу, тәпішке тігу, тәпішке тоқу, балалар шұлықтарын тоқу, балаға снуд (шарф) тоқу, балалар шалбарын тігу, моншақтардан білезік тоқу, патчворк техникасында тігуді үйрету).

Әлеуметтік жұмыс жөніндегі мамандармен әлеуметтік-экономикалық қызметтер көрсету бойынша жұмыс жүргізіліп, тиісті жеңілдіктер, жәрдемақылар, өтемақылар алуға жәрдем көрсетілді.

2023 жылы орталыққа келіп түскен екі әйелге денсаулығына байланысты мүгедектік рәсімделді. 11 қызмет алушы атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алуға өтінім берді. Он қызмет алушы тұрғын үй алу кезегіне қойылды. 11 қызмет алушыға соттан тыс банкроттық рәсімдеу жүргізілді. Тұрғын үй мәселесіне қатысты бірнеше қызметтер көрсетілді. 30 әйел алушы жұмысқа орналастырылды.

Орталықтың «Baby eye clinic» клиникасымен және Қазақ көз аурулары ғылыми-зерттеу институтымен уағдаластығы бойынша қызмет алушыларға жетекші офтальмологтар мен невропотологтардың тегін тексеру және кеңес беру қызметтері ұсынылды. Қызмет алушыларға ақысыз негізде «Талмас Медикус» клиникасында дәрігер-гинеко-

лог пен дәрігер-проктологтың консультациясы мен тексеруі жүргізілді. Демеушілер жыл сайын «Мектепке жол» акциясы аясында қызмет алушылар үшін мектеп формасы мен кеңсе керек-жарақтары бар оқушы сөмкесін сатып алуға көмек көрсетеді.

### ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОЛДАУ

Түрлі мәдени іс-шаралармен қатар, мұнда келушілер әлеуметтік-құқықтық қызметтерге де мұқтаж. Сол себепті орталықтың заңгерлері арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік қамсыздандыру және көмек алу құқықтарына байланысты түсіндірме жұмыстарын жүргізеді. Жәбірленушінің және оның балаларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында полиция инспекторлары, кәмелетке толмаған істер жөніндегі инспекторлар мен әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі инспекторлар жәбірленушінің пікірін ескере отырып, қорғау нұсқамасын шығарады. Ол тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған не оны жасау қаупі төнген адамға қолхатпен орындау үшін тапсырылады.

Қорғаныс нұсқамасымен жәбірленушінің еркіне қайшы, тұрмыстық зорлық-зомбылық жасауға, іздеуге, құдалауға, орталыққа келуге, ауызша телефон арқылы сөйлесуге және онымен басқа тәсілдермен байланысуға тыйым салынады. Өзіне қатысты қорғау нұсқамасы шығарылған адамды ішкі істер органдары есепке қояды және оған қатысты профилактикалық бақылау жүзеге асырылады. Қызмет алушылардың қауіпсіздігі мақсатында бақылау камералары орнатылып, жоспар бойынша ертке қарсы іс-шаралар жүргізілуде. Сонымен қатар, орталық құқық қорғау органдарымен тығыз жұмыс істейді.

Сарыарқа, Есіл, Алматы, Байқоңыр, Нұра аудандарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлімшесімен бірлесіп, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Дағдарыс орталығында айына екі рет азаматтарды қабылдау жүргізіледі, оның барысында туындаған қиын өмірлік жағдайды шешу жолдары талқыланады. Орталықта әйелдердің «Аманат» партиясы өкілдерімен кездесуі ұйымдастырылды.

«Жаня» отбасы институтының қолдауымен орталықпен ынтымақтастықтың арқасында Астана қаласы әкімдігі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиямен бірлесіп, жыл бойы «Жаня» орталығының аумағында азаматтарды қабылдау жүргізіледі.

Сонымен қатар, Астана қаласы әкімдігі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия Мәжіліс депутаттарымен бірлесіп, орталыққа келіп, соның барысында орталықтың жұмысына оң баға берді. 2023 жылы мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған арнайы жолақтар, мнемотаспалар, шұғыл шақыру түймесі орнатылды. Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған мамандар кабинеттері мен бөлмелердің есіктері, санитарлық бөлмелер, пандустар талаптарға сай орнатылып, мүмкіндігі шектеулі адамдардың жүріп-тұруына барлық жағдайлар жасалған. Биыл ақпан айынан бастап қызмет алушылар үшін тамақпен қамтамасыз ету қызметі аутсорсингке ауыстырылды. Сонымен қатар қызмет алушылар санын 70 адамға дейін арттыруды жоспарлап отыр. Орталық қызметкерлеріне көрсетілетін қызметтердің тиімділігі мен сапасын арттыру үшін барлық жағдай жасалған.



**Астана қаласы мәслихатының  
жаңа сайлау комиссияларының құрамдарын қалыптастыру туралы және  
Астана қаласының кейбір сайлау комиссияларының құрамдарына өзгерістер  
енгізу туралы  
ХАБАРЛАМА**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 10-бабына сәйкес Астана қаласының мәслихаты жаңадан құрылған 10 сайлау комиссиясының құрамын қалыптастыру туралы және Астана қаласының кейбір сайлау комиссияларының құрамындағы бос орындар туралы хабарлайды.

Мәслихат сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі ішінде олардың құрамына өзгерістер енгізуге құқылы.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы.

Саяси партиялар, өзге де қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және құрылатындарға қатысты жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2024 жылғы 29 мамырдан бастап 12 маусымға дейін мәслихатқа келесідей құжаттарды ұсынады:

1) белгіленген нысан бойынша сайлау комиссиясының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтерді электрондық және қағаз форматта;

2) тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидаттарды ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) шешімінен үзінді көшірме;

3) саяси партияның, қоғамдық бірлестікті немесе олардың филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеу туралы құжаттың көшірмесі;

4) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) кандидаттардың белгіленген нысан бойынша сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы өтініштері.

Сайлау комиссиясының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтер формалары, кандидаттардың сайлау комиссиясының жұмысына

қатысуға келісімі туралы өтініштері мәслихаттың maslihat01.kz сайтында орналастырылған

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын адам сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сай болуы қажет.

Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруы қажет.

Аумақтық сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын тұлға Орталық сайлау комиссиясының 2022 жылғы 24 желтоқсандағы № 129/624 қаулысымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Сайлау туралы Конституциялық заңның 23-бабының 3-тармағында көзделген сайлау учаскелерін құру жағдайларын қоспағанда, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан астамы бір ұйымның қызметкерлері болмау керек.

Бір сайлау комиссиясының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

Мәслихатқа қағаз форматта ұсынылатын барлық құжаттарға қол қойылуы, мөрмен куәландырылуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және телефон нөмірі көрсетілуі тиіс.

Сайлау комиссиясының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2024 жылғы 12 маусым сағат 18:00-ге дейін жүзеге асырылады. Құжаттар дүйсенбі мен жұма аралығында сағат 08:30-дан 18:00-ге дейін, үзіліс сағат 13:00-ден 14:30-ға дейін Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 219-кабинет, тел.: (8-717-2) 55-66-36 мекен-жайы бойынша қабылданады.

**Астана қаласының жаңа учаскелік сайлау комиссияларының сандық құрамы**

№ р/с	№ СУ	Сайлау комиссиясының орналасқан жері	Сайлау комиссиясы мүшелерінің саны
«Алматы» ауданы			
1.	№450	Астана қаласы әкімдігінің «№ 93 мектеп-лицейі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ж. Нәжімеденов көшесі, № 24	9
2.	№451	Астана қаласы әкімдігінің «№ 72 мектеп-лицейі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, А. Байтұрсынұлы көшесі, № 25	9
3.	№452	Астана қаласы әкімдігінің «Ақжан Әл-Машани атындағы № 92 мектеп-лицейі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, А351 көшесі, № 3	9
4.	№453	Астана қаласы әкімдігінің «№ 72 мектеп-лицейі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ж. Нәжімеденов көшесі, № 8	9
5.	№454	«Сpectrum» Халықаралық мектебі» мекемесі, Р. Қошқарбаев даңғылы, № 11	9
6.	№455	Астана қаласы әкімдігінің «Мұхтар Әуезов атындағы № 86 мектеп-гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, А. Бөлекпаев көшесі, № 20	9
7.	№456	Астана қаласы әкімдігінің «Мұхтар Әуезов атындағы № 86 мектеп-гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, А. Бөлекпаев көшесі, № 20	9
«Нұра» ауданы			
8.	№457	«Smart Technological School» жекеменшік мектебі, І. Омаров көшесі, № 8	9
9.	№458	«Binom EDUCATION» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Ә. Бөкейхан атындағы «BINOM SCHOOL» мектеп-лицейі., Ш. Шоқин көшесі, № 5	9
10.	№459	«Сарыарқа» велотрегі, Қабанбай батыр даңғылы, № 45А	9

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы № 505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес Республика даңғылы 32, 1-қабат мекенжайы бойынша 2024 жылғы 21 және 25 маусымда сағат 11:00-де қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Заңды/жеке тұлғалардың 21 маусымға арналған өтініші негізінде қарауға арналған мәселелер:

1. «Сквер» объектісінен «Кіріктірілген ТҚ бар тұрғын үйге» ЕТЖЖ түзету, Астана қ., «Нұра» ауданы, Қыз жібек к-сі, 30/1 учаскесі, тапсырыс беруші «BS Company» ЖШС.

Заңды/жеке тұлғалардың 25 маусымға арналған өтініші негізінде қарауға арналған мәселелер:

1. «Қызмет көрсету объектілері, коммерциялық үй-жайлары және паркінгі бар тұрғын үйдің» қабаттылығын 5 қабаттан 9 қабатқа дейін ұлғайту бөлігінде ЕТЖЖ түзету, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, 38-көше, № 46/2 учаскесі,

тапсырыс беруші «SA-Green» ЖШС;

2. «Қызмет көрсету объектілері, коммерциялық үй-жайлары және паркінгі бар тұрғын үйдің» қабаттылығын 5 қабаттан 9 қабатқа дейін ұлғайту бөлігінде ЕТЖЖ түзету, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, 38-көше, № 46/2 учаскесі, тапсырыс беруші «K-Green» ЖШС;

3. «Салынған үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй кешені» объектісінен «Жатақханаға» ЕТЖЖ түзету, Астана қ., «Нұра» ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 61А уч., тапсырыс беруші Жалысов Д. О;

4. «500 орындық паркінг» объектісінен 3 қабатты «Медициналық орталыққа» өзгерту бөлігінде ЕТЖЖ түзету, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Тұран даңғылының бойында Сарайшық көшесінен Хусейн бен Талал көшесіне дейін, тапсырыс беруші «Bolashaq Medicus» ЖШС.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде p.galymzhan@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарын сайлау жөніндегі  
№1 және №2 округтік сайлау комиссияларының құрамынан шығып  
қалғандардың орнына Астана қаласының учаскелік сайлау комиссиясына  
сайланатын мүшелер саны**

№ р/с	№ ОСК	Сайлау комиссиясының орналасқан жері (мекенжайы, сайлау комиссиясы орналасқан ғимарат)	Сайлау комиссиясының шығып қалған мүшелерінің саны
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссиялары – 6 бос орны			
1.	№ 1	Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев көшесі, № 2	1
2.	№ 2	Қазақ технология және бизнес университеті, Қ. Мұхамедханов көшесі, № 37а	5
«Нұра» ауданының аумақтық сайлау комиссиясы			
1	«Нұра» ауданы	ул. Сығанақ 18, НП 33	2
Астана қаласының учаскелік сайлау комиссиясы			
1.	№2 УСК	Орталығы – «Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, студенттер үйі, М. Жұмабаев даңғылы, № 14	1
2.	№3 УСК	Орталығы – «Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, студенттер үйі, М. Жұмабаев даңғылы, № 14/1	1
3.	№9 УСК	Орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 28 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, А. Петров көшесі, № 8	1
4.	№15 УСК	Орталығы – «Еуразиялық гуманитарлық институт» жоғары білім беру мекемесі, М. Жұмабаев даңғылы, № 4А	1
5.	№68 УСК	Орталығы – Мәдениет комитетінің «Қалибек Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, Қ.Қуанышбаев көшесі, № 8/1	2
6.	№77 УСК	Орталығы – Мәдениет комитетінің «Қалибек Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, Қ.Қуанышбаев көшесі, № 8/1	1
7.	№79 УСК	Орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Мұқағали Мақатаев атындағы № 74 мектеп-гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Т. Жүргенов көшесі, № 29	1
8.	№82 УСК	Орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «әл-Фараби атындағы оқушылар сарайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Б. Момышұлы даңғылы, № 5	1
9.	№92 УСК	Орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 93 мектеп-лицейі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ж. Нәжімеденов көшесі, № 24	1
10.	№227 УСК	Орталығы – Астана қаласының физика-математика бағытындағы «Назарбаев Зияткерлік мектебі» дербес білім беру ұйымы, Хусейн Бен Талал көшесі, № 21	2
11.	№230 УСК	Орталығы – «Барс 2030» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «SMART» бизнес орталығы, Қорғалжын тас жолы, № 3	1
12.	№248 УСК	Орталығы – «Binomeducation» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Ә. Бөкейхан, атындағы «binomschool» мектеп-лицейі. Ш. Шоқин көшесі, № 5	1
13.	№272 УСК	Орталығы – Үркер тұрғын алабының дене шынықтыру-сауықтыру кешені, № 213көше, № 3	2
14.	№283 УСК	Орталығы – «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі, Үркер тұрғын үй алабы, Е575 көшесі, № 1	2

**Астана қаласы  
мәслихатының төрағасы**

**Е. Каналимов**

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі №505 бұйрығы және ЖАО жауапкершілігіне жататын жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету туралы қолданыстағы заңнаманың тармақтары мен өзге де талаптарын басшылыққа ала отырып, «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ қоғамдық талқылаулар өткізетіні туралы хабарлаймыз.

Қоғамдық талқылаулар 2024 жылғы 19 маусымда, сағат 11:00-ден бастап 13:00-ге дейін Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Заңды/жеке тұлғалардың өтініштері негізінде қаралатын мәселелер:

1. Нысаналы мақсатын «Тұрғын үй» объектісінен «Өндірістік база 2 к. (металды өңдеу, дәнекерлеу және құрастыру)» объектісіне өзгерту. Орналасқан жері: «Байқоңыр» ауданы, Байқадам және Шет көшелерінің қиылысы ауданында. Тапсырыс беруші А.О.Ағамашев.

2. Нысаналы мақсатын «Қоныс үйі» объектісінен «Жеке тұрғын үй» объектісіне өзгерту. Орналасқан жері: Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Алаш тас жолы ауданында. Тапсырыс беруші «Тас-Құм» ЖШС.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар электрондық мекенжайға үлгіге сәйкес нысан бойынша қоғамдық талқылаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады s.alkuatova@astana.kz немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол.

Ардақты жар, асыл ана Атығаева Рысты Тұрғынбайқызының жаназасын ұйымдастырып, өткізгені үшін жолдасы Атығаев Ш.О. мен ұлы Ғабдолла Есіл және Нұра аудандарының әкім аппараттарына алғыс білдіреді.

Есіл ауданы Ардагерлер кеңесі қоғамдық бірлестігінің бастауыш ардагерлер ұйымы төрағаларының атынан Есіл ауданы Ардагерлер кеңесінің төрайымы

**Атығаева Рысты Тұрғынбайқызының**

кенеттен қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына қайғырып көңіл айтамыз.

# БУТАФОРИЯ – ҚАНДАЙ ӨНЕР?

Астана қаласындағы танымал әрі қойылымдарын балалар сүйіп тамашалайтын театрлардың бірі – Куыршақ театры. Қойылым мазмұнын толық жеткізу үшін сахнаның көркін декорация мен бутафория әрлеп тұрады. Көбіміз декорацияның не екенін білсек те, бутафория сөзі бізге таңсық. 14 жылдық тарихы бар театрдың осы салаға байланысты бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысып қайттық.



Ең алдымен, бізді театр ұжымы бутафор цехына алып барды. Кірген бетте әртүрлі әдемі ұзын маталарға көзіміз түсті. Құрал-саймандар цех қабырғасындағы қобдишаларда тізіліп тұр. Цех шағын әрі әртүрлі куыршақтар жиынтығына толы. Бізді бутафор цехының жұмысы қалай басталатыны қызықтырды. Бірінші, режиссер жаңа қойылым алғаннан кейін суретшіні шақыртады. Режиссер спектакльді суретшімен бірге талқылап, қойылымға байланысты өз талаптарын айтады. Суретші сурет салып, эскиз жасауға кіріседі. Куыршақ көзін аша ма, жаба ма, сөйлейтін немесе ұшатын түрі ме, сахнада тек үстел үстінде тұра ма, сонғы бәрін анықтап алғаннан кейін режиссер жұмысты жалғастыруға өз келісімін береді. Содан кейін ғана бутафорлар қойылымға керек заттарды істеуді бастайды. Декорация – көрермен көретін көркем қабырға, үстел секілді заттар болса, бутафория деп сахна барысында қолға ұстайтын барлық дүниені айтамыз. Мысалы: алма, құмыра, бетперде т. б. бұйымдар. Оны бірнеше адам бірігіп жасайды және жасау ұзақтығы

қойылымның қиындығына байланысты әртүрлі болады.

– Бутафория – қолдан түрлі бұйымдар істейтін жұмыс. Қойылымға керек болса қалқанды да, қылышты та, әшекейлі де бәрін жасаймыз. Материалды әр жақтан алып, бар заттан жасай береміз. Мысалы, қылышты жасау үшін фанера материалын кесіп, өткір болмас үшін шет жағын егеп, боясақ дайын зат шығады. Жұмыс болған соң әр нәрсенің өз қиындығы бар. Қылышты дәл суреттегідей жасауға да үлкен өнер қажет. Бутафор маманы барлығын жасай білуі керек, себебі бұл да мамандық, – дейді қоюшы суретші Шынар Елембаева.

Бутафория жасау әдісінің бірі – папемаше. Мысалы, куыршақтың басын жасау үшін ең алдымен балшықтан бет-келбетті бейнелейтін форма істеп алуы шарт. Содан кейін су мен ұнды қайнату арқылы бұйымға керек клейстер жасалады. Екі элемент дайын болған соң, клейстерге батырылған қағаз немесе мата материалымен кепкен балшық формасына жабыстыру процесі басталады. Куыршақтың басын тіпті ағаштан да, гипстен

де жасауға болады, кішкентай форма үшін пластилин қолданылады. Алайда, әр затты әртүрлі материалдан жасау үшін де икем мен көп жылдық тәжірибе қажет екенін ескерген жөн.

– Бутафор цехында 3 адам жұмыс істейміз және біз бұйымдарды өзіндік талаптарға сәйкес жасаймыз. Мысалы, пышақ жасағанда, ол қолды кеспеу қажет, заттар жеңіл болуы керек, алма болса, сол дәл алма секілді көрінуі тиіс. Қазір жемістерді сатып ала салуға болады. Әрине, ол қойылымға байланысты. Егер ол үстел үстінде тұрса сатып аламыз. Ал декорацияда ілініп тұрса, қолдан жасауымыз қажет. Бұрын үнемі қолдан жасайтынбыз. Қазір тіпті куыршақтарды сатып алуға болады. Алайда біз ондайға әлі жетпедік, – дейді мәдениет саласының үздігі Ш.Елембаева.

Бутафорияның жарқын мысалы деп Куыршақ театрындағы «Элвин және жұмбақ орманның тұрғындары» қойылымын айта аламыз. Спектакльдегі куыршақтар, үлкен ағаштар, гүлдер, барлығы – декорация мен бутафория элементтері. Бұл заттарды жасау үшін бір ай уақыт кеткен. Бутафорларды ойластыру үшін оны жасайтын адамның көзкіеіг кең, қиялы шексіз болуы қажет. Топтық жұмыстың жемісі қойылымда көрінеді. Егер уақыт өте келе спектакль актуалды болмай қалса, бутафорлар қоқысқа кетпейді. Өйткені оны қайтадан өңдеп, жаңа қойылымға дайындайды.

Жасанды интеллект пен қазіргі уақыттағы қолжетімділік барлық салаға әсер етеді. Дайын заттар бүгінгі дамыған заманда қолжетімді болса да, бутафор мамандығы әрқашан сұранысқа ие болары анық. Өйткені бүгінгі талапқа сәйкес бутафор бір затты ұзақ жасамайды, жаңа тенденциялар арқылы олардың қолы ұзарды. Жасанды интеллект пен адам қиялы өзгеше. Дамушы факторлардың көп болуы суретшілердің шабытының оянуына, жаңа туындының дүниеге келуіне себепші болуда. Себебі дайын техниканың көбі ғаламторда бар. Бұрынғы жұмыс дағдысымен салыстырсақ, көп уақыт жоғалтпауға бұл зор кепілдік болады.

Әр сахналық қойылым үшін бутафордың рөлі ерекше. Себебі қойылымды сомдаушылар осы арқылы көрерменге өз ойын, спектакль атмосферасын сездіреді. Сахнада ойналмайтын зат тұрмайды. Сондықтан әр жасалған бутафор ерекше мәнге ие. Бутафор әлемдік аренада бөлек мамандық ретінде қарастырылады. Қазақстанда да осы салаға байланысты оқу орындары бар. Бұл маман иелері кез келген театрда, киноиндустрияда жұмыс істей алады. Барлығымыз білетіндей, өнер саласы күннен күнге даму үстінде және бутафория да сол санатта. Біз цехтан керемет әсермен шықтық. Бұл саланың биіктен көрінетініне сеніміміз мол.

**Гүлназ МҰХАНЖАН,**  
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті



## 41 ЕЛДЕН КӨРЕРМЕН КЕЛДІ

Димаш Құдайбергеннің 30 жылдық мерейтойына орай Түркияның Ыстанбул қаласындағы әйгілі «Бешикташ» стадионында әлемге аңыз әншінің жеке шығармашылық кеші өтті.

Босфор жағалауындағы стадионға 42 мың көрермен сияды. Билеттер 9 ақпаннан бастап сатылған. Түркия басылымдарының жазуынша, Димаштың жеке кешін тамашалауға әлемнің 41 елінен жанкүйерлер келген. Кеште ерекше форматтағы әндер шығарды. Сондай-ақ түркиялық белгілі өнер иелерімен дуэт орындалды.

Димаш Құдайберген Виттебекте өткен «Славян базары – 2015» халықаралық ән байқауынан кейін көпшілікке таныла бастады. Бұл байқауда әнші Гран-приді жеңіп алды. Ал көпшіліктің сүйіспеншілігіне Қытайдың «Мен әншімін» жобасына қатысқан сәттен бастап бөленіп келеді. Бұл байқауда Димаш қазақстандықтарды ғана емес, шетелдіктерді де таңдай қақтырды, өнеріне тәнті етті. Осыдан кейін көп ұзамай, Димаштың шетелдегі ең алғашқы жеке концерті Қытайда өтті. Қазірге

дейін АҚШ, Жапония, Ресей сияқты көптеген елдің сахналарында өнер көрсеткен Димаш биыл жыл басында Димаш БҰҰ-ның көші-қон ісі жөніндегі ізгі ниет елшісі атанған болатын. Ол тіпті 2021 жылы АҚШ Президенті Джо Байденнің инаугурациясы апталығының ашылуына арналған іс-шарада өнер көрсетті. 2023 жылы Димаш «Ағайынды Карич қоры» сыйлығын алды.

Димаш Құдайберген 2019 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атанды. 2023 жылы Димашқа «Қазақстанның халық әртісі» құрметті атағы берілді. Қазақ жігіті 2019 жылы «Азияның ең әдемі тұлғалары» рейтингінде 8-орында тұр.

**Іңкәр БАЙҒАБЫЛ,**  
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті

## БОЧЧАДАН ЕЛ БІРІНШІЛІГІ БАСТАЛДЫ

Жақсылық Үшкемпіров атындағы жекпе-жек спорт сарайында боччадан үшінші Қазақстан чемпионаты басталды.

Кейінгі 2 жылда бұл спорт түрі танымалдыққа ие бола бастады. Себебі қысқа ғана уақытта Қазақстан чемпионатынан бөлек, былтыр бірінші рет Қазақстан кубогы, Сұлтанбек Орынбасаровты еске алуға арналған турнир, т. б. біршама жарыс ұйымдастырылды. Қазақстан ұлттық құрамасы сапына кірген пара спортшылар 2023 жылы Азия пара ойындарында алғаш рет бақ сынады.

– Боччадан Қазақстан чемпионаты жаңа деңгейге көтеріліп отыр. 2023 жылы біріншілікке 47 пара спортшы қатысса, биыл олардың саны 90-ға жуықтады.

Паралимпиадаға кіретін пара спорт түріне қызығушылық уақыт өткен сайын артып жатыр. Қазіргі сәттің өзінде республикамыздың 10 өңірінде филиалдарымыз жұмыс істеп жатыр. Ұлттық құрама сапында 41 отандасымыз бар. Енді ғана дамып жатқан пара спорт түрінде халықаралық турнирлерде алғашқы жүлделер де қоржымымызға түсе бастады. Мамыр айының ортасында Финляндияда өткен халықаралық додада жеке сайыстан Қуаныш Асқарбеков пен командалық бәсекеде қола жүлдеге ие болдық. Бұл біздің жетістіктеріміздің бастауы деп білемін. Алдағы уақытта қола

жүлде күміс пен алтынға айналады деп сенемін. Осы пара спорт түрін қолдап отырған Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғысымыз білдіремін. Боччамен айналысып жатқан барша жан мен ата-аналарға ерекше рақметімді айта отырып, бәріңізге сәттілік тілеймін, – деді Парламент Сенатының төрағасы, Қазақстан бочча федерациясының президенті Мәулен Әшімбаев ашылу салтанатында.

Биылғы жарыстың басты ерекшелігі – командалық және жұптық бәсекеде жүлделер сарапқа салынып жатыр.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –  
**Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор –  
**Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары –  
**Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №63

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-teklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ